



А.Қ. Тұрышев

**МӘШҰР-ЖҮСІП
ШЫҒАРМАЛАРЫ ТІЛІНІҢ
ӘДЕБИ ТІЛГЕ ҚАТЫСЫ**

Оқу құралы
I бөлім

Павлодар
2009

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы

А.Қ. Тұрышев

**МӘШҺҮР-ЖҮСП
ШЫҒАРМАЛАРЫ ТІЛІНІҢ
ӘДЕБИ ТІЛГЕ ҚАТЫСЫ**

Оқу құралы

1 Бөлім

Павлодар
Кереку
2009

УДК 809.434.2
ББК - 84(5 каз)5
Т 31

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық
Университетінің жанындағы «Білім» тобындағы мамандықтар
бойынша оқу секциясы және ҚР БҒМ Республикалық
оқу-әдістемелік Кеңесі басуға ұсынған
Хаттама №8. 11.12.2008 жыл

Пікір жазғандар:

М.С. Серғалиев - Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Қазақ тілі білімі» кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор;

Ф.Ш. Оразбаева - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Қазіргі қазақ тілі теориясы және әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Н.Қ. Жүсіпов - С.Торайғыров атындағы ПМУ, «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Құрастырушы: А.Қ. Тұрышев

Т 31 «Мәшһүр-Жүсіп шығармалары тілінің әдеби тілге қатысы»: оқу құралы. 1 бөлім. – Павлодар : Кереку, 2009. – 74 б.

ISBN 9965-568-94-9

«Мәшһүр – Жүсіп шығармалары тілінің әдеби тілге қатысы» Оқу құралы 05 01 17 – мамандығы: «Қазақ тілі мен әдебиеті» міндетті компонент. САЕ 306 «Қазақ әдеби тілінің тарихы». Таңдап алынған компонент: MZh TM «М. Ж. Көпеевтің әдеби мұралары» БВ Mash 3205 – «Мәшһүртану» арналған. Қосымша оқу құралы ретінде бакалаврлар мен магистрлар, мәшһүртанушылар, лингвистер пайдалана алады.

ISBN 9965-568-94-9

ББК - 84(5 каз)5

© А.Қ. Тұрышев., 2009

© С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2009

Кіріспе

Мәшһүр - Жүсіп Көпеев өзінің артында 30 томдық мол мұрасын қалдырған. Осы мол мұраны игеру ісі шыны керек еліміз Егемендік алуымен тығыз байланысты. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің кейбір гуманитарлы факультеттерінде «Мәшһүртану» курсы енгізілді. Ал «Қазақ филология» кафедрасында 2007 жылдан «М - Ж. Көпеевтің әдеби мұрасы» және «Мәшһүртану» таңдап алып оқылатын пәндер қатарынан орын алды. Сондықтан да Мәшһүр – Жүсіп шығармаларын тек қана әдеби тұрғыдан ғана емес тілдік тұрғыдан да оқыту міндеттері алдымызда тұрды. Осы мақсатта жиыны оншақты: монография, әдістемелік құрал, оқу құралдары, бағдарлама қазақ тілі мамандығына байланысты жазылды.

Әсіресе, Мәшһүр - Жүсіп шығармалары тілінің ұлттық әдеби тілге қатысы, тілдік ерекшеліктері зерттелді. Зерттеу нәтижесінде Мәшһүр - Жүсіп шығармасында ескі этномәдени лексиканың тілдік қоры өте мол екендігі анықталды. Ақынның қолжазбаларында, шығармаларында монғол, қалмақ, араб-парсы, орыс тілінен енген тілдік қабаттар да ұшырасады. Мәшһүр - Жүсіп тілінің автономды болмағандығы, ол да өзінің алдындағы Ыбырай түзетуге күш салған, Абай негізін қалаған жана жазба әдеби тілге ден қойып, Шәкәріммен бірге қазақ әдеби тілін дамытуға өзіндік үлесін қосты десек артық айтпаймыз.

Өрине, көлемі шағын оқу әдістемелік құралға тұтас бір дәуірдің әдеби тілінің тарихын сыйғызу мүмкін емес. Жазылған деректерді жүйелеп, студенттерге ұғынықты болу үшін анағұрлым ықшамдап беруге тура келді. Көптеген тың деректер әдістеме көлемі көтермейтін болған соң қысқарып, алынып тасталды. Дайындалған осы оқу-әдістемелік құралдың қолжазбасы екіге бөлінгенмен тілдің ішкі талдау заңдылығын, логикалық жүйесін қатал сақтап, бірін – бірі толықтыратындай мағыналық байланысы үзілмеген бір дүние. Үзілсе де тілші мамандар ондай үзілген мағыналық байланысты екінші әдістемеден тауып алып оқи алады. Оқу-әдістемелік құрал Мәшһүр - Жүсіп шығармаларынан алынған нақты мысалдармен толықтырылған. Және де тілдің ұзақ жылғы даму барысында өзгеріске түскен тілдік тұлғалардың да өзіндік ерекшеліктері ашылған. Ыбырай, Абай, Шәкәрім қолданысындағы тілдік ерекшеліктер де салыстырыла зерттелген.

XVIII – XIX ғасырдағы қазақ әдеби тілі аса бір күрделі даму дәуірлерін бастарынан кешірді. Осы кезеңдердегі қазақтың ұлттық әдеби тілінің дамуына қатысты көптеген зерттеу еңбектер жарық

УДК 809.434.2
ББК - 84(5 каз)5
Т 31

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық
Университетінің жанындағы «Білім» тобындағы мамандықтар
бойынша оқу секциясы және ҚР БҒМ Республикалық
оқу-әдістемелік Кеңесі басуға ұсынған
Хаттама №8. 11.12.2008 жыл

Пікір жазғандар:

М.С. Серғалиев - Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Қазақ тіл білімі» кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор;

Ф.Ш. Оразбаева - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Қазіргі қазақ тілі теориясы және әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Н.Қ. Жүсіпов - С.Торайғыров атындағы ПМУ, «Қазақ филология» кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Күрастырушы: А.Қ. Тұрышев

Т 31 «Мәшһүр-Жүсіп шығармалары тілінің әдеби тілге қатысы»: оқу құралы. I бөлім. – Павлодар : Кереку, 2009. – 74 б.

ISBN 9965-568-94-9

«Мәшһүр – Жүсіп шығармалары тілінің әдеби тілге қатысы» Оқу құралы 05 01 17 – мамандығы: «Қазақ тілі мен әдебиеті» міндетті компонент. САЕ 306 «Қазақ әдеби тілінің тарихы». Таңдап алынған компонент: МЗһ ТМ «М. Ж. Көпеевтің әдеби мұралары» БВ Mash 3205 – «Мәшһүртану» арналған. Қосымша оқу құралы ретінде бакалаврлар мен магистрлар, мәшһүртанушылар, лингвистер пайдалана алады.

ISBN 9965-568-94-9

ББК - 84(5 каз)5

© А.Қ. Тұрышев., 2009
© С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2009

Кіріспе

Мәшһүр - Жүсіп Көпеев өзінің артында 30 томдық мол мұрасын қалдырған. Осы мол мұраны игеру ісі шыны керек еліміз Егемендік алуымен тығыз байланысты. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің кейбір гуманитарлы факультеттерінде «Мәшһүртану» курсы енгізілді. Ал «Қазақ филология» кафедрасында 2007 жылдан «М - Ж. Көпеевтің әдеби мұрасы» және «Мәшһүртану» таңдап алып оқылатын пәндер қатарынан орын алды. Сондықтан да Мәшһүр – Жүсіп шығармаларын тек қана әдеби тұрғыдан ғана емес тілдік тұрғыдан да оқыту міндеттері алдымызда тұрды. Осы мақсатта жиыны оншақты: монография, әдістемелік құрал, оқу құралдары, бағдарлама қазақ тілі мамандығына байланысты жазылды.

Әсіресе, Мәшһүр - Жүсіп шығармалары тілінің ұлттық әдеби тілге қатысы, тілдік ерекшеліктері зерттелді. Зерттеу нәтижесінде Мәшһүр - Жүсіп шығармасында ескі этномәдени лексиканың тілдік қоры өте мол екендігі анықталды. Ақынның қолжазбаларында, шығармаларында монғол, қалмақ, араб-парсы, орыс тілінен енген тілдік қабаттар да ұшырасады. Мәшһүр - Жүсіп тілінің автономды болмағандығы, ол да өзінің алдындағы Ыбырай түзетуге күш салған, Абай негізін қалаған жана жазба әдеби тілге ден қойып, Шәкәріммен бірге қазақ әдеби тілін дамытуға өзіндік үлесін қосты десек артық айтпаймыз.

Әрине, көлемі шағын оқу әдістемелік құралға тұтас бір дәуірдің әдеби тілінің тарихын сыйғызу мүмкін емес. Жазылған деректерді жүйелеп, студенттерге ұғынықты болу үшін анағұрлым ықшамдап беруге тура келді. Көптеген тың деректер әдістеме көлемі көтермейтін болған соң қысқарып, алынып тасталды. Дайындалған осы оқу-әдістемелік құралдың қолжазбасы екіге бөлінгенмен тілдің ішкі талдау заңдылығын, логикалық жүйесін қатал сақтап, бірін – бірі толықтыратындай мағыналық байланысы үзілмеген бір дүние. Үзілсе де тілші мамандар ондай үзілген мағыналық байланысты екінші әдістемеден тауып алып оқи алады. Оқу-әдістемелік құрал Мәшһүр - Жүсіп шығармаларынан алынған нақты мысалдармен толықтырылған. Және де тілдің ұзақ жылғы даму барысында өзгеріске түскен тілдік тұлғалардың да өзіндік ерекшеліктері ашылған. Ыбырай, Абай, Шәкәрім қолданысындағы тілдік ерекшеліктер де салыстырыла зерттелген.

XVIII – XIX ғасырдағы қазақ әдеби тілі аса бір күрделі даму дәуірлерін бастарынан кешірді. Осы кезеңдердегі қазақтың ұлттық әдеби тілінің дамуына қатысты көптеген зерттеу еңбектер жарық

көрді. Сондықтан да қазақ әдеби тілінің даму тенденциясына байланысты өзіміздің көзқарасымызды әр уақытта мерзімді баспасөздерде жазып, арнайы монография арнағандықтан қайталап бұл жайтқа оралмаймыз. Бірінші және екінші оқу әдістемелік құралдың қолжазбасында нақты әдеби тілдің тарихи даму сатысындағы тілдік өзгерістерге ғана тоқталғанды жөн көрдік. Егер де бірінші оқу құралында Мәшһүр - Жүсіп шығармаларындағы - ман, - мен, - бан, - бен, - пан, - пен тұлғалы етістіктердің қолданылуы. I жак жекеше мәндегі морфологиялық көрсеткіштер, - мыс, - міш (міс//ген мысалы: Төлеміс//Төлеген) формасына дейін жеткендігі тілші ғалымдардың қилы көзқарасы басшылыққа алынып дәлелденген болатын.

Қолдарыңыздағы оқу әдістемелік құралының қолжазбасында алдыңғы кейбір морфологиялық тұлғалардың айталық, «сана» қызметі мен мағынасы жағынан -мыс//мыш, -дүр, -ғана сөздерінің тіл қолданысына ұқсататыны белгілі (Е.Жұбанов) осы тұрғыдан келгенде оқу құралында айтылатын -дүр етістіктің келер шағын білдіретін тұлғасы көне түркі дәуірінен келе жатқан құбылыс екендігі, бірақ та -дүр тұлғасының кейбір мәні мен мағынасы, қызметі алдыңғы оқу құралында бәрібір басқа морфологиялық тұлғаларға қатысты айтылып, талданады, тілшілер мұны жақсы біледі. Сондықтан да, тек қана -дүр тұлғасының жалаң қызметін алдыңғы, соңғы кейбір өзі қатысты тұлғалармен бөліп алып қарастыру өте қиын.

Мінекей, тіл ғылымы осы жағынан да басқа ғылымдардан өзінің ерекшелігімен айқындалады. Тіл аясында сыйып тұрған -дүр//дүр тұлғасына ұқсас сияқты формалардың тілдің даму сатысында өз қалпынан өзгертпей қолдан-қолға жетуі, сол тілдік тұлғаны көнелік тұлғасын бұзбай қолдану ақын – жыршылардың үлкен шеберлігін қажет еткендігі Мәшһүр – Жүсіп шығармалары тілін зерттегенде анық көрінді. Мысалы, дир, дыр, дюр, дур татар тілінде тыр, тур, дыр, дур тұлғасында қолданылады. Мелиоранский бұл жұрнақтың -тұрған деген сөзден ықшамдалып барып жасалғанын айтады. Сондықтан да бұл - әдістеме көне тілдің барысы туралы шағын ғана мәлімет бере алады.

1 Мәшһүр-Жүсіп шығармалары тілінің морфологиялық ерекшеліктері

- ман, -мен, -бан, -бен, -пан, -пен тұлғалы етістіктердің қолданылуы. I жақ жекеше мәндегі морфологиялық көрсеткіштер М.Ж. Көпеев шығармаларында өте жиі қолданылған тіл ерекшелігі болып табылады. Махамбет, Абай, Ыбырай тілі зерттеулерінде ішiн-ара сөз болады. Зерттеушілер -ман, -мен, -бан, -бен, -пан, -пен формасын ауыспалы осы (келер) шақтың -ма-й-мын, -ме-й-мін, -ба-й-мын, -бе-й-мін, -па-й-мын, -пе-й-мін болымсыз тұлғасының I-жақ түрінің қысқарған варианты деп көрсетеді.

М.Балақаев: «Болымсыз етістіктің келер шақтық тұлғасының бірі I жақта май-й-мын болуы грамматикалық - норма. Сонымен қатар ол ауытқып -ман түрінде де жұмсалады. Грамматикалық тұлғасының негізгі нормадан өзгеше болып ауытқуы бұл арада заңды: -ман (басқа варианттары да) тұлғасы осындайда -май-мын қосымшалары орнына жұмсалғанда, ерекше стильдік қызмет атқарады: егер бармаймын, айтпаймын жай болымсыздық хабар болса, барман, айтпан деген істі істеуден қайсарлықпен үзілді-кесілді бас тартқандықты білдіреді. Мұны нормадан жөнімен ауытқу деп тауып, сондайды дұрыс қолданған кісілерді қоштап отыру керек» - дейді [1, 58 б.].

А.Ысқақов: «Жазуда да, ауызекі тілде (лебізде) де екінші үлгі бойынша жіктелетіні белгілі өкінбеймін, аямаймын, жібімеймін деген сияқты көсемшенің ауыспалы формасының орнына: өкінбен, аяман, жібімен деген форма қолданылады» [2, 73 б.].

Н.Жүнісов оңтүстік аймақтың тіл ерекшеліктерін зерттеп: «Жіктік жалғауының -мын, -мін түрі зерттеліп отырған говорда кейде -ман, -мен болып фонетикалық өзгеше вариантта қолданылады. Жіктік жалғауының бараман, жатырман, барыппан түрінде қолданылуы қарақалпақ тілінде де бар» - деп көмектес септігінің жалғауы мен жалғаулық шылаудың жергілікті тұрғындар тілінде -ман, -бан, -пан, тұлғасында кездесетінін -мен қосымшасы, -мен жалғаулық шылауы бұл жерде атпан, түсман, малман т.б. болып жуандатылған тұлғаларда айтылды дейді. Демек, омоним тұлғалы жіктік жалғауынан ажырата білу керек. Р.Сыздықова: «...бірыңғай мәндегі сөйлемдердің етістіктері болымды түріне –ар жұрнақты, болымсызында –ма+н жұрнақты тұлғалармен берілген» - дейді [3, 278 б.].

Ғ. Мұсабаев келер шақ аффиксі болып кеткен жіктеу есімдігін -мын, -мін деп жақтық қосымшаға теліп жүрміз, мұнда осы шақтың

көрсеткіші жоқ. Қазақ тілінде осы шақтың тұлғасы жоқ, ол аналитикалық тәсілмен беріледі (отыр, жатыр, тұр, жүр) көмекші етістіктерін атайды. М. Қашқари да осы шақ туралы сөз қозғамайды оның тұсында болмаған дейді. Ауыспалы осы шақ етістіктің түбіріне көсемшенің -а, -е, -й жұрнағы мен жіктік жалғауы жалғану арқылы жасалатыны белгілі (кел+е+мін, бар+а+мын). Ғ. Мұсабаев көне түркі тілінде бұлай жасалған етістіктерді келер шақтың орнына қолданғанын татар, башқұрт тілдерінде: қил+ә, бұл+а етістіктері келер шақтық мағына береді дейді. Түркі тілінде келер шақ тек қана көсемшелі тұлғалар арқылы жасалатын, сонда ғана келер шақ аффиксін қабылдайтынын орта ғасырда болғанын (Мен кел+е+мін, Сен кел+е+сін) дегендегі -мін, -сін көне түркі жазуларында мен, сен шылау бола бастаған есімдік, орта ғасырда қалыпты шылаудың рөлін атқарғандығын айтады [4, 122-123 б.].

Қ.Жұбанов есімшенің осы шағын атамайды оның орнына тел есімшені (өрі септеледі, өрі жіктеледі) көрсетеді. Көне түркі тілінде -мін, -сін есімдік, тілдің даму үрдісінде мен, сен деп өзгеріп (орта ғасырда) шылауға айналған. Тілшілер мен жалғаулық шылауын (менен) әуелде бірлән формасынан ықшамдалғанын, Осы тұлғалас мен көмектес септігін шылаудан қалыптасқанын айтады. Қ. Жұбанов: «Мен Менен-мелен-медлен-бір+ле+ин. Мұндағы ін бұрын инструментальный (көмектес) падеж болған. Қол ма қол деген күрделі сөздегі ма бұрынғы мен. Яадағын=аяқпен. Жіктеу. Бұл – есімге тура жалғанады, етістікке тура жалғанбайды; демек ол алғашында септікке ұқсап келіп, кейін жік жалғауы бағып кетуі мүмкін. Мысалы, келіп=келубан (келіпін); «барған»» [5, 77 б.].

С. Исаяев «Көмектес септік жалғауы есімдіктерге тікелей жалғанбай, о баста ілік септік тұлғасының үстіне жалғанған болу керек, қазіргі кезде соның қалдығы сақталған: менімен-меніңмен-мениң білән, бұнымен-бұныңмен-бұның билән т.б.» сол сияқты көмектес септіктің қосымшасы «...тарихи жағынан бірлән-білән-мынан-менен септеулік шылауынан қалыптасқан» - деп, [6, 91 б.] көмектес септік жалғауын омонимдес жалғаулық шылаудан (-мен, -бен, -пен) ажырата білу керектігін, басқа түркі халықтарында бұл септіктің түрі жоқтығын, бұын үндестігіне бағынбайтын ерекшеліктерін атап өтеді.

Қ. Молгаждаров: «Көне түркі тіліндегі бірле септеулігі екі категориялық дәрежеде көрінеді деп жүрміз. Біріншісі көмектес септігінің мен/бен/пен қосымшалары қызметінде, екіншісі септеулік шылау бірге тұлғасының мағынасында болмақ» - деп, көмектес септігінің якут, тува тілдерінде бар екендігін, көне түркі

ескерткішінде бірле шылауы көмектес септігінің мағынасында емес, бірге шылауының қызметінде жұмсалғанын, көмектес септігінің қосымшалары (мен, пен, бен) кейінгі тілдің даму процесінің жемісі еместігін айтып өтті. Жіктік жалғауы дыбыс заңдылығының өсерінен өзгереді. I, 2-жақ жалғауының жекеше, көнше түрі өткен шақ есімшенің қысқарған түріне жалғанады (барға+и+мын (-ған-и=ға) и дыбысы түсіп қалады, керісінше жіктік жалғауы, өткен шақ есімшенің қысқарған түріне өзі қысқарып барып жалғанады (барғанмын//барғам) -ған-и=ға// -мын-ын=м формуласы бойынша түзіледі, -а, -е, -й формалы көсемшеде ықшамдалады (табам, тігем, барам, кіред) жіктік жалғауы екпін қабылдамайды (келемін), жіктік жалғауының жақтық түрінде ерекшеліктер бар т.б.

М.Қашқари: мән ет тоғрағаймән, мән аңар оғрағаймән [7, 140 б.] мән есімдік, -ғай келер шақ қосымшасы, мән жіктік жалғауы, мен-мен (түрікше) ман сөйлеуші жақ орнына қолданылатын сөз деп көрсетеді [7, 327 б.]. Тілдердің даму барысында алдымен есімдік, шылау (жұрнақтан көсемше жұрнағына айналуы мүмкін), септік жалғауы қалыптасқан. Ассимиляция заңдылығына байланысты: -мен, -мін, -бын, -бін, -пын, -пін (-ман, -мен, -бан, -бен, -пан, -пен) көне түркілік жіктік жалғаулары пайда болған.

Етістіктердің бірінші жағы мен, біз тарихи қалыптасуы жағынан есімдікпен тығыз байланысты. Мысалы: -м жалғауының мен есімдігінен жасалғаны сияқты. Осыған орай Қ. Жұбановтың «Оқыл дегендегі и әуел баста мен деген көмектес септіктен шыққан. «Мен» - жалғау ғой, сондықтан и қосымшасын да жалғау ретінде қарау керек тәрізді» - деген сөзінің жаны бар.

Ғ. Мұсабаев көсемшенің и жұрнағын тереңірек қарап, өзбек тілінде II жақ жұрнағы б түрінде келетінін, тарихи шығармаларда бон//бан түрінде ұшырайтынын жазады. Көсемшенің арғы төркіні бан (бән), бен, ман (мән), пен деген формадан қысқарғанын «сүләпән» (Күлтегін) сүле түбір, пән көне тұлға, ендеше мен/бен/пен үндестік заңына бағынатыны сондықтан пен дегенді и жұрнағының арғы кезеңі деп қарастырады. Оның о бастағы шыққан төркіні бан есімдігі (барибан-барып, алибан-алып) дейді.

М. Томанов түркі тілдер I жақ қосымшасын үш топқа I топ: -ман, -мен, -мән, -ма, -ме және -мын, -мін, -мүн, -мүн. М дыбысынан басталатын варианттар қышак тобында, б дыбысынан басталатын оғыз тобында кездесетінін айтады. М дыбысынан басталатындар кейде п, б/и дыбысымен алмасып қолданады, и дыбысының түсіп қалуы қарашай-балқарларда ұшырайды, сен есімдігі сіз - ге, біз есімдігі жекеше мәнді білдіретін есімдікке қатыстылығы, II жақ

есімдіктердің с дыбысынан басталатынын ал, біз есімдігінің м дыбысынан басталмағанын, б дыбысынан басталатын есімдіктер кейін пайда болғанын көрсетеді [8, 111-113 б.].

Зерттеушілер жіктеу есімдігінің ұқсастығын олардың шығу тегінің бір екендігінен іздейді. Мысалы: О. Бетлинг жіктеу есімдіктерінің көптік тұлғасын жекеше тұлғаларының өзара кірігуінен қалыптасқан деп: (- *мін*, - *сін*, - *біз*, - *сін*, - *сің*, *сіз*), ал Котвич, Мукачи, Банг, Рамстедт – бұлардың көптік тұлғаларының құрамындағы з екілікті (көптікті) білдірген қосымша, алдыңғы бөліктері (*мі*, *сі*) – жекеше түрлері, яғни о бастағы сипаты деп қарайды. Бұл авторлар жіктеу есімдіктерінің ең алғашқы сипаты мына тәріздес болған деп түсіндіреді: I. *Ме / н, бі / н, мі / н, се / н, сі / н, е / н, і / н.* II *ба / н, ма / н, са / н, ан;* III. *Біз, сіз, із.* Ал, А.М. Щербак жіктеу есімдіктері жүйесінің алғашқы сипаты мына тәріздес болған деп қарайды: *пән, сән, ын, ан, ни, с, си, с, анлар.* М. Томанов түркі тілдеріндегі жақ тұлғаларының -м, (-н) -н өздерінің алғашқы қалыптасу дәуірінде коллективтік немесе екілік мән берген болу керектігін [8, 111 б.] айтса, Р.Әміров: «*Жақтық жалғанының бірде арнаулы жалғаулар -мын, -мін, -сың, -сің, бірде тәуелдік жалғаулар арқылы білдірілуінің тарихи себебі бар. Жалғаулардың бұл екі түрі де бір төркінен тараған. Бұлардың төркіні-жіктік есімдіктер (- мен, - мын, - мін, - м, - ым, - ім, - сен, - сың, - сің - н, - ың, - ің, т.т.) Осы себептен бұл жалғаулар қызметі жағынан селбесіп, қатар келе береді*» - дейді [9, 105 б.].

-Мын//пын дыбысталу жағынан бірінен-бірі алыс жатыр. Бұлар етістіктің түбірімен жымдасу үшін әр түрлі дыбыстық өзгерістерді басынан өткізген. Осыдан келіп жуан, жінішкелікке байланысты жоғарыдағы варианттары пайда болған. Сөйлеу тілінің әсерінен бұл жіктік жалғауларының толық және ықшамдалған формасы жарыса көрсетілген. морфологиялық тұлғаларда М-Ж.Көпеев шығармаларында (ауыз әдебиетінің үлгісінде) қолданыс тапқан.

М-Ж.Көпеев шығармаларындағы жіктік жалғауының жалғануының өз ерекшеліктері бар. Олар: -мын жалғауының дыбысы түспей жалғануының себебі: етістіктің өткен шағынан аулақ болуы; жүр, түр, отыр, жатыр төрт етістіктен басқаларының түбіріне тікелей жалғанбай, етістіктің көсемше, есімше жұрнақтарынан кейін жалғануы. Есім сөзге жалғану үшін жалғанатын сөз субъектімен тікелей байланысты болуы. Мысалы: *Алладан нәрман тілеген* (Қыз Жібек), *Күн батса ханша нәрман қылып* (Зияда-Шахмұрат), *Береме дертке дәрмен құдірет керім* (Мәлік-Хасан), *Жіберді алла бізге*

пәрман (Мәлік-Хасан), *Болған соң не шара бар хақтан фәрман* (Әбубәкір Кердері), *Болды деп не ғып бұлай ойламаңыз, Шара не, бір құдайдан пәрман болса* (Мәшһүр-Жүсіп). Немесе: *шорман, арман, думан, ат-турман, сайман, дұшман, батпан* (салмақ өлшемі), *пұшайман* (Мәшһүр-Жүсіп). -**Ман//**-**пан** тұлғалары көнеленіп жеткен, түбірдің өзіне кіріккен заттық ұғымдағы мағынаны береді.

М-Ж. Көпеев -**ман//**-**мен**, -**бан//**-**бен**, -**пан//**-**пен** қосымшасы өзгелік етіс формасы іс-әрекет, қимылдың тікелей өзіне қатыспай бөгде біреу арқылы жасалуына әсер етеді. *Келеді қалай жұтсам, саған шамам, Бастырман аяғыңды жалғыз қадам!* (Мәшһүр-Жүсіп). (Бас+тыр+ман) -**тыр+ман** форманты өзгелік етіс жұрнағымен тіркесіп іс-әрекетке болымсыздық мән береді -**тыр** жұрнағы қатаң -**(с)**, сонор дыбысына біткен етістіктің түбіріне жалғанады. Шақтық мәні (Мен бас+тыр+ма+й+мын аяғыңды жалғыз қадам) іс-әрекет сөйлеушінің хабарлауынан кейін болады. Яғни, -**ман** тұлғасы арқылы болашақта болатын қимылды, әрекетті жүзеге асырмау ниеті барлығы аңғарылады.

Р.Сыздықова етістіктің болымдысына -**ар** жұрнақты, болымсызында -**ма+и** жұрнақты тұлғаларды жатқызады [3, 278]. Бұндай қолданыс тек қана М-Ж. Көпеевке тән екендігін анықтадық. М-Ж. Көпеев шығармаларында аналитикалық форманттар белгілі бір грамматикалық категорияға қатысты мағынаны білдіретін морфологиялық көрсеткішке ие болады. -**Ман** болымсыздық тұлғасы -**а** ал формантымен (аналитикалық етістік) қосылып екі компонентті күрделі етістіктің тіркесінен жасалады. Амал-қимылдың өту үрдісі болымды мағыналы етістік түбіріне болымсыздық мағынаның үстелуі арқылы беріледі. М-Ж. Көпеевте ала алман, бара алман, алып қала алман етістікті тіркесте алман) етістігі көсемшенің -**а** жұрнағымен жалғасып түр (ал+май+мын) (-**ма-й**) көсемше тұлғалы болымсыз мәндегі ауыспалы осы шақтық үлгіде жасалғанымен іс-әрекет, қимыл әлі іске аспағандығын көрсетеді. Амал-қимылдың өтпеу үрдісіне қосымша болмау мағынасы үстеледі. Іс-әрекеттің иесі амал-әрекетті өзіне бағыштайды. Бұл мысалдарда лексикалық мағыналары басқа-басқа болғанымен, семантикалық ренктері бірдей болымсыздық мағына білдіреді. *Кешегі кетіп қалды-ау күнім өтіп, Айырып ала алман қуып жетіп* (Мәшһүр-Жүсіп), *Кешегі кетіп қалды-ау күнім өтіп, Айырып алып қала алман, қуып жетіп* (Мәшһүр-Жүсіп).

М-Ж. Көпеев жинаған ауыз әдебиеті үлгісінде де *Ақылдыңды ала алман, Елге қайтып бара алман* жиі ұшырасады. Сол сияқты *көрмен, жағаламан* сөздері көмекші есімдермен *бетін, шетін* тіркесіп келеді, атаушы көмекшілер өздері тіркесетін атаушы сөздерге

қосымша лексика-грамматикалық мағына үстейді, бұл күрделі (аналитикалық) формалардың құрамындағы көмекші сөздерде бірдей емес, олар семантикалық жағынан да, түрленуі жағынан да, қызметі жағынан да зат есімдерге ұқсас болуымен қатар, үнемі сол есімдермен тіркесіп жұмсалады беті, шеті сөздері лексикалық мағынасы тек солғындаған көмекші есімдер. *Қартықта Құлымбеттің көрмен бетін, Нұраның жағаламан енді шетін* (Мәшһүр-Жүсіп).

-Ла//ле жұрнағы өзі жалғанатын етістік түбіріне амалдың үсті-үстіне еселеніп, жиілеу сипатын білдіретін реңк қосатыны белгілі, ал, М-Ж. Көпеев зат есімді сөзге -ла қосымшасын жалғап жаға+ла+ман вербалдану үрдісі арқылы болымсыздық мағынаны беретін етістік жасайды. Ауыспалы осы шактың болымсыз тұлғасының (-й жұрнақты көсемшенің жіктелген түрі мен қысқартылған варианты) -ман, -бан, -мон, -пан (фонетикалық түрі) М-Ж. Көпеев шығармасында актив жұмсалған. *Байлардан қылман дәме құнан, тайдай, Біледі бұл Орта жүз біздің жасайды* (Мәшһүр-Жүсіп); *-Мені бұған қаратам десе құдай, Өлер майын ұсынбан!-депті* (Мәшһүр-Жүсіп); *«Ойқымон» анасат!-деп, аят келген, Намаздың парызығын ғалам білген* (Мәшһүр-Жүсіп); *Жүгіріп пайғамбарға Біләл келді, Пайғамбар: -Бара алман!-деп жауап берді* (Мәшһүр-Жүсіп); *Ей Ғалы, мен сескеніп сенен қорықпан, Пайғамбар «Үр» деп өзі рұқсат берген* (Мәшһүр-Жүсіп); *Кітаптан көргенімді айтпан теріс, Құдіреттің қылған ісі тіпті келіс* (Мәшһүр-Жүсіп).

М-Ж. Көпеев -ман ықшамдалған жіктік формасын да етістігінен өрбитін дейді көсемшелі формасымен тіркестіріп, төл сөзді автор сөзімен ұштастырады, төл сөздің интонациясы, синтаксисі мен өзіне тән сөздері толық сақталады, де көмекшісі автор сөзінің құрамына енеді де етістігі ауыспалы келер шак формасында жіктеліп тұрады (де+й+ді) бұған -ман өз тұлғасы да, дейді көмекші етістігі қосымша мағына үстейді, оның жетекші жәрдемі арқылы айтылар ойды жалғастырады. Автор сөзінің құрамындағы дейді төл сөзді болар іс-амал әрекеттен сақтандырады, амалдың жүзеге аспауына дәнекер болады.

Жоғарыдағы мысалдан дейді көмекші етістігі мен қатар -ман деп тұлғалы көсемше формасы М-Ж. Көпеев шығармасында жиі қолданылады. *-Күнәні біле тұра қылман!-дейді, -Сенімен бір түн ойын-қызық үшін, Қараны ақ жүзіме салман!-дейді; -Бірігіп сеніменен жатпан!-дейді, -Қорқамын жаратқыш хақтан!-дейді, -Ойнаған аз ғана күн қызық үшін, Ақыретті жалғанға сатпан!-дейді* (Мәшһүр-Жүсіп). М-Ж. Көпеевте дыбыстық өзгеріске ұшыраған -мон тұлғасы туралы М. Томанов зерттеушілердің пікіріне орай *«Қазіргі түркі*

тілдерінің көпшілігінде *нимә, мемә, немә, нима, ниме* есімдіктері айтылады. Зерттеушілер бұлардың қайсысы. Алдыңғы *не* сұрау есімдігі *де, ме* чуваш тілдеріндегі *-мон* сөзінің (*не* мәніндегі) қысқарған варианты болу керек деп есептейді» [8, 133 б.]. Түркі тілдерінде есімдіктердің әртүрлі дыбысталатынын якутта: *мін, эн, кіні, біһігі, эһігі*; чуваш. *әбі (эп), эзі (эс), выл (ву, у, ул) эбір (эбі-ір, ібір), эір, (эз-ір, і-бір) вiзiм (узiм)* т.б. ескерсек –мон расында *д а о* баста жіктеу есімдігінің ең алғашқы сипатынан *І. мо/и* қалыптасқанын байқауға болады.

Қ.Жұбанов *-бан* алғашында *септікке ұқсап, кейін жіктік жалғауы болып келуі мүмкін* дегенді айтады Мысалы, *келіп=келубан (келіпін)* [5, 77 б.]. С. Исаев есімдіктердің ауыспалы осы (*келер*) *шақ -ма (ба, -па)-й -мын, -ме (бе, -пе) -й-мін* тұлғасынан емес, есімшеден болған болжалды *келер шақтың -ма-с-пын, -ме-с-пін, -бе-с-пін, -па-с-пын, -пе-с-пін* деген болымсыз тұлғасынан ықшамдалып қалыптасқанын [6, 128 б.];

Р. Сыздыкова *-ар* жұрнақты есімшенің болымсыз түрі (*-ма+с*) *І жақ әсекеше түрде жіктелгенде, отырмаспын, тұрмаспын* деген толық тұлғалардың орнына *отырман, тұрман* тәрізді ықшам варианттарының қолданылуы-қазіргі көптеген түркі тілдерінде жоқ норма - дейді [3, 277 б.]. С. Исаев *-ман, -мен, -бан, -бен, -пан, -пен* формасының *келер шақ есімше тұлғасынан ықшамдалғанын - е көмекші етістігінің қолданылуынан да (емен), яғни – емес - пін бар да – е – мей - мін* деген жоқ екендігі *де, дәлелдеп тұрғандығын* айтады [6, 128 б.].

Сұрақтар

1. Әдеби тіл дегеннің төрт түрлі сипатын анықтаңыз?
2. Нормадан жөнімен ауытқу деп Балакаев қандай қосымшаларды айтқан?
3. Мұсабаев келер шақ аффиксі болып кеткен жіктеу есімдігінің қай тұлғасын жақтық қосымшаға теліп жүр дейді?
4. Орта ғасырдағы қалыпты шылаудың рөлін атқарған шылау бола бастаған есімдікті атаңыз?
5. Қ.Жұбановтың «Қазақ әдеби тілі мәселесі» 1934 жылы қандай журналда жарияланды?

1.1 -Емен мен емей

М-Ж. Көпеев шығармаларындағы ерекшелік етістіктің болымсыздық категориясы емен, емей варианттары арқылы да беріледі. Емен көмекшісі (ер+ме+н) емей (ер+ме+й) -ма//-ме болымсыздық формасынан ықшамдалып қалыптасқан е (ер) түбір етістігінен өрбіген. Емен, емей көмекшілері өзі тіркескен сөздерге ешқандай шақтық мағына үстемейді (Ысқақов) тек қана грамматикалық мағына жамайды, жақ формаларын қабылдамайды болымсыздық мағына білдіретін дәнекер болып қалыптасқан.

С.Исаев -ман, -мен, -бан, -бен, -пан, -пен формасының келер шақ есімше тұлғасынан ықшамдалғанын -е көмекші етістігінің қолданылуы да, (емен) дейді. Қ. Жұбанов «Ер»-дің түрленуі: бұрын: ерді, еркен, ермес. Қазір: еді, екен, емес деп көрсетеді. Демек, емен, емей болжалды келер шақтың болымсыз тұлғасынан ықшамдалған. Емен, емей қолданысы көнеден жеткен құбылыс. Мысалы: *Сол сықылды қалмақтан, Төлеген емей кім дейді* (Қыз Жібек); *Алыстан қызыл көрінсе, Манат емей немене, Көтеріліп ұшқан соң, Қанат емей немене, Екі жақсы бас қосса, Санат емей немене* (Бұқар); *Екі кісі ұрсса, -Ағат емей немене!, Екі жақсы сөйлесе, -Сағат емей немене!, Мінген атың болдырмай Мәрелі жерге жеткізсе, Қанат емей немене!* (Мұса Саққұлақ); *Оңбаған емей немене- Өтірік сөзге алданып* (Әй, Махамбет жолдасым); *Разы емен осындай ат мінбесем,-* (Абай); *Ойын емей бұ жалған шын деймісің, Қалсаң биге шыға алмай үндеймісің* (Мәшһүр-Жүсіп); *Ит емен жөнін таппай лағарға* (Мәшһүр-Жүсіп); *...біздің өмір жасымызды ұрлап жүрген осылар емей, кім?* (Мәшһүр-Жүсіп) де етістігінен өрбіген көсемшелі демей болымсыздық мағынаны білдіретін сирек түрі кездеседі, де етістігінің көмекшілік қызметі көбіне болымды мағынаны білдіреді -*Шын деп қалай ойлайын, ойын демей* (Мәшһүр-Жүсіп).

Емен болымсыз мағыналы сөз М-Ж. Көпеев шығармаларында көбіне есімшенің -ған//-ген жұрнағымен тіркесте жұмсалады: *Жазығым сол-зерекпін, «неген» емен, Несие сөз жасымынан деген емен. Сабақ білмей, болмаса ойын ойнап, Мен таяқты молдадан жеген емен* (Мәшһүр - Жүсіп); *Кетеді оны тағы біреу алып, Қалтаға көрген емен ақша салып* (Мәшһүр-Жүсіп. Емен көмекші сөзі бірыңғай есім сөздермен де тіркесе жұмсалады: *Хан да емен, төре де емен, қожа да емен, Керуенмін ел аралап мал алысқан* (Мәшһүр - Жүсіп) да, де ыңғайластық жалғауы сөз бен сөзді байланыстыруда маңызды рөл атқарады. Емен көмекші сөзі сын есімді сөзбен де

тіркеседі: *Ешкімнен артық емен менің өзім, Аяқ-қол, жұртпен бірдей, құлақ-көзім* (Мәшһүр-Жүсіп); *-Кедей емен, өлмелі таңсық малға, Жағымдымын күзетші өзім ханға* (Мәшһүр-Жүсіп). Жіктік жалғауының ықшамдалған формасы есімшемен байланысы жиі ұшырасады. Есімше формалы болымсыздық мәніндегі **-мын// -мін** ықшамдалып барып: **барғам, келгем, сүргем, жүргем** деген формада қолданылады. Бұл арада **неген//деген** варианты қатар қолданыс тапқан. Жалпы, *өкінбеймін (өкінбен), аямаймын (аяман), жібімеймін (жібімен)* етістіктің жекеше түрінің болымсыздық мағынада жұмсалады, өзге жақта қолданылмайды бірақ, бұл форма көтеріңкі ырғақпен, зілді үнмен айтылып, белгілі эмоциялық, экспрессивтік рай білдіреді. Олардың қызметімен **емен, емей** көмекші сөзінің мағынасынан бөлендей айырмашылық жоқ, **емен, емей** көне форма М-Ж. Көпеев тілінде қайыра жаңғырып, өзгеше түрленісте, басқаша реңкте қолданылғанын көреміз. **Емес** болымсыздығы **емес, емей, емегенде** деген тәрізді тұлғалық өзгерістерге ұшырағыны байқалады. Есімшенің келер шағының **-р** жұрнағының орнына жүретін **-е** жұрнағы болымсыз **-ма** түрінен кейін жалғанады: **е-ме-с**. Осы түріне көсемшенің үнемсіз түрін жасайтын **-й** жалғасақ **емей** көмекшісі болып шығады.

М-Ж. Көпеев шығармаларында жіктік жалғауының ықшамдалған формалары мен толық формалары тәуелдік жалғауының III жағын (**-і, -ы**) қабылдап түрленеді: *Егерде гүл ашылса, бұлбұлымын, Дананың сөзге жүйрік дүлдүлімін. Басқаға қаз бен құдан шабытым жоқ, Қыраны, қаршығаның түйғынымын* (Мәшһүр-Жүсіп) жарыса қолданған. Ықшамдалған түрі ауызекі тілде қалыптасып, ертеден жеткен құбылыс. Бұндай ықшамдалудың бірнеше түрі кездеседі. Біріншіден, **-ған** есімше формасымен тығыз байланысты: *-Жол бермен саған!-дейді, -Намаз үшін көп барғам менің жаққа!* (Мәшһүр-Жүсіп); *Сонда мен қапаланып, болдым наза, Қызғам жоқ ұрлық, өтірік, бұл не жаза?* (Мәшһүр-Жүсіп); Екіншіден, көсемше **-а, -е, -й** формалы ықшамдалу үлгісі: *Болмаса тағым тимей қайтып барам* (Мәшһүр-Жүсіп); *Муңымды хақтан басқа кімге айтам; Аз ғана мазмұнынан қалам тартам; «Қалайша мұны азғырып шығарам» - деп* (Мәшһүр-Жүсіп). Бұндай ықшамдалуға жіктік жалғауының екпін қабылдамауы да себеп болған. Үшіншіден, шартты раймен байланысты ықшамдалған жіктік жалғауы: *Есенімде ескімді берсем елемес, Еңсеге жыға тисем кектемес* (Едіге жыры); *-Меккеге барсаң балам, Базарына отынның бәссаң қадам. Беп-белгілі ішінде түрі бөлек, Бір араға бас қосса (қ) мың сан адам* (Мәшһүр-Жүсіп). II жақтағы жіктік жалғауының қысқа түрі **-са -п** формасы

арқылы көрінсе, жіктік жалғауының қысқа түрінің I жағының көпше түрі -са-к формасы арқылы көрініс табады. Келтірілген мысалда қоссақ (қосайық) -йық бұйрық мәнді жіктік жалғауының көпше түрінің (-қ) қосымшасының түсіп қалғандығын көреміз. -Са шартты рай мен әдеби нормадағы бұйрық райдың II жақ сыпайы -ңыз түрінде етістіктің орнына жұмсалады: *Ол йереру барсар*, Ол жерге барсан (Орхон-Енесей); *-Ренжітпей Мухаммедті жұмсаңыз!*-деп (Мәшһүр-Жүсіп). Сол сияқты -ң (-ың), н (-ін) қосымшасы әдеби тілдегі бұйрық райдың II жағының сыпайы -ыңыз түрінің орнына жұмсалады: *Бар ма екен тус жорушы шақырың деп, Пақырға гаріп-гасыр беріп алтын ...*(Мәшһүр-Жүсіп). В.А. Богородицкий бұл қосымшаның II жақ сыпайы түрдегі -ңыз, -ніз қосымшаларымен мағыналас екенін айтқан болатын. Н.Жүнісов -н/ың, -ін қосымшаларының көптік мағына беретінін, қарақалпақ өлкесінде ол етістіктің ашық райлы II жақ, көпше, жеке түрінде тұрып, толық сөйлемде тиянақты түрде баяндауыштық қызмет атқаратынын жазады. -Ң/-ың, -ін/ қосымшасы ауыз әдебиетінде ұшырасады: *Кемпір айтты: е, балам, кірің,-деді, Әзір ас бар ішіңіз үйден,-дейді. Барша гайып жарандар, Медеткер болың балама, Үйде, түзде болса да, Бұйрықтан адам қала ма?* (Қыз Жібек); *Қаже(ке, қабыл болсын бұ қылығың, Бұйырған бұл өзіңе халал малың, Күнәны ішкі-тысқы кетіруге, Суына зәмзәм Шәриф шомылғаның* (Мәшһүр-Жүсіп); *-Ей, достым, көп түйінді шештің-дейді, -Қуә бол, періштелер, естің -дейді* (Мәшһүр-Жүсіп); М. Қашқари: *«...барыңдар (бұйрықтың көпше түрі) Құрмет үшін бұйрық тұлғаға түріктер -лар қосып айтады. Жеке адамға да құрмет үшін барың деп айтады»* - дейді [7, 117 б.]. Тәуелдік жалғауының II жақ (анайы) түрінің тәуелдену үлгісі кездеседі: *Күйдірген уы құрғыр, ортеп ішің, Кетірді сонда бойдан қуат-күшің. Елжіреп іші-бауырың от боп жанып, Бір түрлі қап-қара боп кетті түсің* (Мәшһүр-Жүсіп).

Сұрақтар

1. Емен, емей варианттары қалай қалыптасқан? «Дым, дын» емек етістігінен қысқарғанын Қазамбек қалай түсіндіреді?
2. -н/ың, -ін қосымшаларының көптік мағына беретінін кім айтқан?
3. Әміров көсемшелер мен етістіктердің тіркесуі екі шартпен ошпенеді дегенде нені мензеген? -Демей ауыз екі формада эмоциялық ритм білдіретінін немен түсіндіреді?

4. «Дала уалаяты» газетіндегі «емес» сөзінің болымсыздық мағына да беретінін нақты мысалдармен кім дәлелдеді?

5. Көсемшенің ауыспалы формасының орнына қандай сөздер қолданылады?

1.3 -Мыс пен -мыш

-Мыш, -міс қосымшасы арқылы есімшенің бұрынғы өткен шағы жасалады. **-Мыш** кейбір түркі тілдерінде (татар, башқұрт) етістіктің актив қосымшасы болғанымен, қазақ тілінде қолданылу өрісі тарылған. Қазіргі әдеби тілде **-мыс** түрінде қолданылады. Н. Жүнісов «*Бұл қосымшаның -мыш варианты ерте кездегі оғыз тілінің элементі сияқты*» - дейді. **- Міш** тұлғасының көне форма екендігі М. Қашқари еңбегінен көрінеді: *Істің істелгендігін білдіретін тұлға күзәтмиш сияқты. Мысалы, күзәтмиш ат-күзетілген ат, бітілмиш бітік-жазылған хат* [7, 134 б.]. Б. Әбілқасымов **-Мыш// -міш// -міс** формалары бір кезде өткен шақтың есімше жасайтын өнімді формалар болған [10, 122 б.]. Ертеректе түркітанушылар С.Е. Малов, И.А. Батманов, З.Б. Арагачи, Г.Ф. Бабушкин, А.Н. Кононов, А.М. Щербак **-мүш// -міс** варианттары туралы айтып өткен. Қ. Жұбанов *Суффикс этот, наличный в форме -міс в южных языках и теперь, являясь синонимом казахского -ген – форматива причастия прошедшего времени* - дейді [5, 434 б.]. М-Ж. Көпеев шығармаларының тіліндегі тағы бір ерекшелік осы көне тұлғаларды тиімді пайдалана отырып, көне тәсіл етістіктердің адъективтену (сын есім) категориясына көшу құбылысы байқалады: *Құдай менен пайғамбар қалаған соң, Айтылмыш өңшең ерлер сонда қалған* (Мәшһүр-Жүсіп); *Осылай айтылмыш өңшең ерден, Емеспін соның бәрін көзбен көрген* (Мәшһүр-Жүсіп); *...қасында сайланмыш ғалымды, білімді адамдары болсын* (Мәшһүр-Жүсіп); *Жазымыш қылыш ойнатты, жұмыс бітті* (И.Байзақов). Анықтауыш қызметінде: *Жазымыштың сөгеміз бе еткен ісін?* (И.Байзақов). Толықтауыш қызметінде: *Жазымыштан пәрмен болған соң, Өлшеулі демі біткен соң* (Мәшһүр-Жүсіп); «*Жазымыштан – озымыш (зат.е.) болмас»-деген мысал* (Ш.Жәңгіров). Адвербиалданған (үстеуге айналған) формасы: *Шыны аяқпен іштірген Орындығын оймыштан* (Бұқар). М-Ж. Көпеев бір ретте көне етістіктерден сын есім тудыратын **-мыш** тұлғасының орнына **-ғұш** сын есім тудыратын орта ғасырда өнімді болған жұрнақты пайдаланғанын көреміз: *Көкларда уа жерлерде болғұш нұр, Нұр қылған патша хақ күдіретін көр* (Мәшһүр-Жүсіп); *Дүниеге алданғышы болмағайсың* (Мәшһүр-Жүсіп) **-ғұш//**

ғыш (сын есімнің шырай формасы) варианты ретінде қарастыру үшін қосымшалы сөз адъективтеніп сын есімге айналу қажет. Бұл жұрнақ омонимдес жұрнақтардың қатарынан жатады (сыпырғыш//байқағыш). Болжалдық демеуліктер - мыс//-міс сөздермен тіркесіп ойға күмәндану, сенімсіздік, мыскылдау, көмескілендіру, болжалдау мәнін береді: *Хауа ана жүгіріп келіп сұрайды - мыс, - Бақырым, білемісің өлмес кепті ?!* (Мәшһүр-Жүсіп); *Қажыларға түрлі айла қылады-мыс, Бәтшағар бәдәуілдер ақша алуға* (Мәшһүр-Жүсіп). М.Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаев *Экспрессиялық мән беруде -мыс//-міс аффиксінің қызметін (-п көсемшелерінің жіктелуімен) бірінші, екінші жақтағы мән айқын емес ал, үшінші жақтағы мән тугызатын -мыс аффиксі қосарлы қолданылатынын айтқан еді. Хабарлы сөйлемді болымды, болымсыз деп екіге бөліп қарастырады да олардың өзін күмәнды, болжалды деп айту тәсілін ұсынады, күмәнды хабарлы сөйлемнің қатарына -мыс шылауы арқылы жасалған күмәнды сөйлемді жатқызады.* **Мыш**//-міс формалары туралы жоғарыда көрсетілген зерттеу еңбектерде де сөз болды. М. Томанов - *ған тұлғасы Орхон-Енисей ескерткішінде өткен шақ мәнінде жазбалар тілінде - мыш тұлғасы қолданылғанын ал, Е. Жанпейісов -мыш бұрынғы әдебиеттерде қазіргі өткен шақ есімшесінің - ган (ген), - кан (кен) тұлғасының орнына жұмсалғанын келтіреді. Бұдан әрі Томанов - Ган тұлғасы ортағасырлық ескерткіштер тілінде - мыш тұлғасында қатар қолданылған. - Мыш тұлғасы өткен шақ мәнінде Қарахан жазба ескерткіштерінде бар. - Ган тұлғасы қазақ тіліндегі - оған тұлғасымен салыстыруға болады. Оған тұлғасынан - ган тұлғасын ажыратады - аған (а+ган) тұлғалық мағыналарының қалыптасуынан кейін болған. Этимология тұрғысынан - мыш Якут тіліндегі - быт тұлғасымен байланысты - екендігін дәлелдейді. Ғ. Мұсабаев *көне заманның өзінде - ты // - ті, - ды // - ді өткен шақтың орнына көне жазба ескерткіштерінде - мыш // - міс қолданылғаны байқалады: балықдақы тағы ықмыс, тағдақы енміс (қалғандары тауға ықты (ағылды), таудағы төмен түсті* мысалы болғандығын тіліне тиек етті.*

Сұрақтар

1. Өтеміс пен төлеміс формасы туралы Қ.Жұбанов пен Е. Жұбанов не дейді?
2. Алпамыс, айтады-мыс дегендегі, Төлеміс // Төлеген -мыс//-міс тұлғалары жайлы не айтасыз?

3. Ескірген осы морфологиялық тұлғалар туралы Е. Жанпейісов не дейді?

4. Екен мен еміс (еміс - еміс) формасын талданыз?

5. Әбілғазы ханның «Түрік шежіресін» соңғы уақытта кім зерттеді және -мыш//- міш жұрнағы туралы не айтты?

1.3 -Ла мен -ған

Етістіктің - ла жұрнағы - ған есімше тұлғасының тіркесімен (синтетикалық) тәсіл арқылы сөз жасалады:

*Көп жұртты Кенесары жаралаған,
Жаманда жақсылардан саралаған,
Поштайға келіп сонда қорғалаған,
Саудагер кезіп жұртты аралаған*

I, II жақта жіктеу есімдігінің (сілтеу) септелген (синтаксистік) тәсіл арқылы зат есім орнына қолданылып тұрған -ған//-ген есімше формалы субстантивтенген сөзбен тіркесте қолданылып жаңа үлгідегі тілдік единицалар жасайды:

*Менің саған тигенім,
Жүзіңнен сенің сүйгенім,
Атама хабар бергенің,
Сен бен бізді көргенің...
... Сен менің көргенім,
Бірігіп сонда жүргенім*

Болымды етістіктің түбіріне - ме жұрнағы мен - ған есімше тұлғасының тіркесуі арқылы болымсыздық етістік жасайды, демеулік соңынан келеді:

*Қиындық мұндай патша көрмеген-ді,
Қылышын қысылған соң сермегенді,
Арыстан өліп қалды қылыш өтіп,
Ажалсыз патша мұңдық өлмеген-ді*

(Мәшһүр – Жүсіп).

Бір карағанда болымсыздық етістіктің жұрнағы болып көрінетін екінші жолдағы серме ген-ді сөзі құрамындағы ме түбір тұлғаның кірігіп кеткен болымды мағынадағы өз қосымшасы, -ді демеулік шылауы айтылар ойға күшейтпелі мағына үстейді. Бұйрық мағыналы түбір сөздерге есімше тұлғасы -ған//-ген, -қан//-кен тікелей жалғанады: берген, кірген, білген, шапқан, ашқан, асқан, кашқан, күйген, қалған, алған, көрген, жанған, салған, жазған, өткен, кеткен. Көсемше тұлғалы сөзбен аналитикалық тіркесте жәрдемші етістік ретінде -ін//-ын жат форманты -ған есімше тұлғасын

қабылдап шақтық мәнде қолданылады: солып жатқан, болып жатқан, толып жатқан, жұлып жатқан, сорып жатқан, бүріп жатқан. Есімдерден етістікке айналып, -ған есімше тұлғалы субстантивтеніп барып тәуелдік жалғаулы (-ы) жаңа сөз жасалады: ойлағаны, бойлағаны, тойлағаны; вербалдану (етістікке айналу) тәсілі арқылы қыбырлаған, сыбырлаған, ұрлаған кездеседі. Есім сөзден етістік тудырушы жұрнағы мен есімше тұлғасы арқылы сөз жасалады: табаласқан, араласқан, жараласқан, мақұлдасқан, татуласқан.

Өзгелік етіс жұрнағы мен -ған есімше формасының қатысымен сөз жасалады:

*Бір атын алған Байбек өз ағасы,
Қожахмет, Асқар дейді үлестірген.
Саған сондай шығардым деп есіттірген,
Аттан-тайлық, тайынишадан қойлық*

алып.

Сұрақтар

1. Абай тіліндегі сөз жасайтын өнімді жұрнақтар?
2. Абай тіліндегі -лық жұрнағының алатын орны?
3. Мәшһүр - Жүсіп тіліндегі жаңа сөз жасайтын жұрнақтардың қызметі?
4. Мәшһүр - Жүсіп тілінің ұлттық әдеби тілде алатын орны?
5. -ма, -ме мәнді жұрнақтардың екі функциялығы?

1.4 - Сана тұлғасының қызметі

М-Ж. Көпеев шығармасында «сана» тұлғасы өлең жолдарына өзгеше ренк беріп, мақұлдау, құптау сияқты жәрдемнің орнын атқарады, қызметі жағынан - мына тұлғасына жуық келеді:

*Жаяуым өлең айтып қақса сана,
Көшімді тер-тоныммен жақта сана.
Соңынан айқай салып қуып жеттім,
Ұрлықты білмей қылсаң таста сана*

(Мәшһүр-Жүсіп).

Немесе,

*Жылады соны көріп Адам ата,
-Я, раббы, бізді сонан қылма сана!*

«Сана» тұлғасы ауыз әдебиеті үлгісінде ежелден бар құбылыс.
Мысалы:

*Тоқсан торқа қи сана,
Тоғыз жорға мін сана,
Хан мен билер отырсын,
Ғақылмен ойлап біл сана (Ер Сайын).
Жан татулусын саңа білдурейін мі
Қаты қазаб*

едерем шимди саңа

Қара башум құрбан алсум бугун саңа

Сенуң де ічінде бінідуң варисе үгіт дегіл

маңа

(Қорқыт-46).

*- Келгін, балам. Қайт-сана,
Әкеңе сырын айт сана,
Патша қызын алсаң да
Өз еліңе жат-сана (Қыз Жібек).*

М-Ж. Көпеев «сана» тұлғасын тек қана көмекші ретінде қолданбаған, өз алдына дербес мағынада жұмсаған: *Көрмеген мұндайлықты бұрын бала, Балаға көргеннен соң түсті сана*: «сана» тұлғасы ой түсті, сана кірді мағынасында айтылады. А. Байтұрсынов: *«Азала райдың түріне жақын өтініштеу рай бар: Мәселен: барсана, тұрсана, жүрсана, қойсана, кетсана уа гайри солай. Бұл рай бұрын айтылса да, бұл күнде тіпті айтылмайды десе де болар. Некен-саяқ бұрынғы ертегілерде ғана келеді («Қара батыр» деген ертегіні қара)»* - дейді. М.Томанов сана тұлғасының орнына -мына, -мін формасының жүруі туысқан елдерде кездеседі. Оғыз тобындағы тілдерде: Әзербайжан, Түрік, Гагауыз тілдерінде -ған тұлғасының орнына -мына тұлғасы қолданылады. Түркімен тілдерінде -маңа, -сана барыс септігінде тұратын есімдік екенін, Ғ. Мұсабаев көне

кезде жасалған барыс септік *-ға// -қа* өзгеріссіз қалып қойғанына *-маңа// -манға, -аңар /аң+ғар/* дәлел болатынын айтқан болатын. М.Томанов *Көне түркілік -са* /қазіргі тілде «сана» / етістігі бір негізді, яғни қосымша дербес етістіктен өзгеше функциядан қалыптасқан десе, Е.Жұбанов «сана» тұлғасының қызметі мен мағынасын *-мыс// -мыш, -дүр, -ғана* сөздерінің тіл қолданысына үқсатады. С. Исаев «сана» сөзінің қайталанып келуін сөз қолдану сипаты мен дәстүрі де, жырдың түрі де ақын-жырауларда қайталанып келуімен дәлелдейді. Е.Жұбанов *...сана тармақ ішінде квантиті мақсаттарда, буын санын толтыру үшін деталь болып та жүре беретінін, ал С.Исаев ...осы сарын да ондағы сөз қолдану сипаты мен дәстүрі де басқа ақын-жырауларда кездесетінін ескертеді. Р.Сыздықова Тармақтар соңында бір сөзді қайталау арқылы толғау құрастыру-жыраулар әдебиетінде өте ертеден қалыптасқан тәртіп екені байқалатынын, А.Ибатов -сы, -сі, -сын, -сін есім сөзден туынды етістіктер жасайтын аффикс түп негізі санды, санадым, санадың сияқты сөздердің түбір бөлішегі сана тұлғасымен тектес, са>сан>са>н>сан>са – түбірі сияқты санады мағынасында қолданылғанын, сан формасы сана тұлғасымен бірдей екенін, сана бұйрық райдың а журнағын қосу арқылы жасалғанын айтады.*

Сұрақтар

1. Ауызекі сөйлеу тіліндегі «сана» қызметінің рөлі?
2. Томановтың «сана» тұлғасы туралы пікірі?
3. Е. Жұбановтың «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырындағы «сана» тұлғасы туралы?
4. - сан формасы мен - сана тұлғасы туралы Ибатовтың пікірі қандай?
5. «Азалы рай» тұлғасына кім жатқызды?

1.5 - Дүр тұлғасының қызметі

Тілдің қалыптасу процесінде **-дүр** етістіктің келер шағын білдіретін тұлғасы, көне түркі тілдерінен келе жатқан құбылыс. Қожа Ахмет Яссауийден бастап, Абай Құнанбаев, М-Ж. Көпеевке дейін жеткен бұл форма әр ақынның жырлауында әр қырынан көрініп, әрқайсысы өз мүмкіншілігінше қолданған. Ұқсас морфологиялық тұлғалардың екінші ғасырда өмір сүрген замандастарынан ұшырасып жатуы бірін-бірін қайталағандық емес. Тіл аясында сыйып тұрған айталық, **-дүр** тұлғасына ұқсас сияқты формалардың тілдің даму сатысында өз қалпын өзгертпей қолдан-қолға жетуі, сол тілдік тұлғаны көнелік тұлғасын бұзбай қолдану ақын-жыршылардан үлкен шеберлікті қажет етеді.

М.А.Казем-Бек: *Глагол принуждающий (transitiv) образуется через прибавление частицы (дир, дыр, дюр, дур), которая в татарских наречиях произносится тыр, тур, дыр и дур ...*-деген еді; С.Аманжолов *Өзбектің, шағатайдың -дүр, -дүрлерін бірден апарып тәліген Қазембектікі дұрыс. Біздің түрлардың функциясы көп* - деп Казембектің пікірін қолдайды; Ал профессор П.М.Мелиоранский бұл жұрнақ *-түрған* деген сөзден ықшамдалып барып жұрнаққа айналғанын жазады; Проф. П.М.Мелиоранский өзінің қазақ тілі грамматикасының I – бөлімінде **-ды** жайын екі жерде қысқаша сөз етеді. Бірінде **дыр** қысқарып **ды** болады дейді. Бұған қарағанда **-ды** формасы **дыр // дүр**-дан шықты деп түсінуге болатын сияқты. Ал, сол кітаптың 45-бетінде **дыр, ды, түр** деген етістіктен пайда болған дейді, бұдан ол **кісі барды, отырды** сияқтылардың сонындағы **III-жақтық, өткен шақтық** тұлғаны еске алғанын көреміз. Сонда **барған-ды** дегендегі **ды** дәнекері мен **барды** дегендегі **ды** формасының төркіні бір деген ұғым туады. Біздің ойымызша, ол екеуі екі түрлі тұлға, олардың тарихы да басқа болу керек. Өйткені **барған-ды, зерек-ті** дегендегі **ды-ді (ты-ті)** дәнекерінің еді етістігінен айта қаларлықтай мағыналық, функциялық ерекшеліктері жоқ болса, елеусіз стильдік айырмашылығы ғана бар: алдыңғысы бұл күнде есім баяндауышқа тән өткен шақтық істің, заттың, сындық сапаның орнықты екенін білдіреді. Осындай өте нәзік айырмашылығын елемегенде, **-ды** дәнекері мен еді көмекші етістігін қатар қоюға да болады. Сондықтан **ды** дәнекері еді етістігінің қысқарған варианты болу керек деген жорамал жасауға болатын сияқты. Бірақ, ол тұлғаның ескі орхон жазуында қолданылуына қарағанда оның тарихын әріден іздеу керек болады деп айтады зерттеушілер. Осыған орай, **Ғ.Мұсабаев шықты, өшті** етістіктерінің шығады, өшеді деген айырмасы түбір етістіктен

десек қателесеміз, себебі шықты//шығады бір түбірден өрбіген, бұлардың грамматикалық категорияға айналуы сыртқы тұлғаның айырмасы мен ішкі мәнінің тұтастығынан деп түсінеміз шықты дегеннің - ты аффиксі өрекет тудырушы дейді. - Дүр тұлғасы туралы Н.А.Баскаков, Г.И.Рамстедт; М.Қашқари да Тур бұйрық рай етістік. Туруп келер шақ формасында болады: Ол йоқар – ол жоғары тұрар. Бұл етістікке екі -р бар: бірі-түбірдікі, екіншісі-келер шақ етістіктің қосымшасы ...Оғыздар ықшамдау үшін бір р-ды түсіріп айтады. Жалпы сөзге р әрпін қосып келер шақтық форма тудырған. Мысалы: *қалді (қалір), күлді (күлур)* т.б. алдыңғы аталған еңбекте жазған еді. Х. Досмұхамбетұлы ...- тұғын деген, сөз - түн күйінен өзгеріп, күйкылжымалы түн деген жалғау болғандығын айтып кеткен болатын. Қ.Жұбанов өткен шақтың =ды жұрнағы бұрынғы «түр» деген сөзден қысқартқандығын түр сөзіндегі -р дыбысының түсіп қалғанын түйық буындарда келетін р, л, н дыбыстарының түскіштігіне мынандай дәлел келтіреді : ал+бар (алып бар) апар; ал+кел (алып кел) әкел сөзі ықшамдалған немесе ол (оған), бұл (бұған), мен (менің), сен (сенің) аталған дыбыстың түскіштігін білдіреді. Екі дауыстының арасында келген үнсіз дыбыстардың үндіге айналып кету фактісін қоссақ, -түр, т дыбысы д болған, кәу-куә, куәдүрміз, куәлікке жүрәдүрміз дегенгі -дүр қосалжысы әуелде -түр болған осындағы -түр қазіргі жік жалғауының көрсеткіші болып кеткен -ды элементінің бастапқы тұлғасы – деп көрсетеді. Ғ. Мұсабаев -дүр етістіктің келер шағын білдіретін жұрнақ болса, оның арғы тегі - түр деген толық мағыналы сөз, етістіктің түбірі. Мұның о бастағы мағынасы алыстап, формасы өзгере келе, - ды, (-ді, ты), -ті етістіктің өткен шақтық көрсеткіші болғандығын көрсетеді. Ал, А.Ибатов - тұғын тұлғасы, баратыр (бара жатыр) -тырдың арғы тегі -тур көне қыпшақтарда (туруп) болып айтылған. Туруп сөзінің түбірі тур (ур-жалғау) қазіргі қазақ тіліндегі түр сөзімен бірдей, -тү, -тын, -ты тұлғаларында осы іспеттес о бастағы тур сөзінен өзгеріп барып қалыптасқандығын, Е.Жұбанов - дүр шылауының түп - төркіні де осы модальдық мағына туғызатын - дір аффиксіне қатысты болуға тиіс. Алайда поэзия тілінде бұл тек етістікке ғана жалғанбай, есім сөздермен де тіркесіп айтыла беретінін өзінің докторлық диссертациясында жазды. Ғ.Мұсабаев -дүр тұлғасы сияқты өткен шақтың жұрнағы – *ты/ - ті, - ды/ - ді* тарихи тұрғыдан алғанда, бір күндердегі дербес мағыналы *түр* деген сөз. *Оның аты -Тама дүр. Жүрген жерінен қан тамалдүр* (Махамет Салих - «Шейбани нама») дегендегі *дүр* тұлғасы көне заманғы *түр* етістігі екеніне ешкім шүбәланбаса керектігін баса айтады. М.Томанов түр етістігінің

қысқарған, бір дыбыстан тұратын қырғыздарда сақталған -т: жазыш-а-т. жазса, Қайдаров пен Оразовта карапайым тілінде - дур /ду/д түрі осы қалыпта да қолданылатынын айтқан еді. Бұл орайда С.Исаев - дүр тұлғасының туынды түбір ғана жасап қоймай есімдіктермен тіркесетінін, кісі есімімен тіркесетінін атап өткен болатын.

Р.Сыздықова XV-XVII ғасырдағы қазақ поэзиясында, сірә, дүр варианты басым болғанға үксайды, кейіннен бұл үлгілер хатқа түскенде - ды, - ді, - ты, - ті болып өзгертілуі мүмкін десе, А.Ысқақов барған-ды, келген-ді, барғанмын-ды, құрбымыз-ды... сияқтылардай - ды (-ді, -ты, -ті) шылауы көп қолданылады. Бұл шылау - осы аталған еді көмекшісінен форма жағынан ықшамдалып, мағына жағынан шақталып қалыптасқан форма дейді. Еді көмекшісі тарихи е (ер) етістігінің жедел өткен шақ формасынан (ер+ді) қалыптасқан (Қ.Жұбанов), еді формасы қай сөзге тіркесе де, оған өткен шақ мағынасын үстейді және жіктеліп жұмсалады да, қай жақ екенін көрсететін көмекші сөз ретінде қызмет етеді. Көне дәуірде III жақ жіктік тұлға -дүр формантымен келген. Е.Жұбанов -дүр-дің дір-ге қатысын аша отырып, көпшілік жағдайда демеулік -ды шылауына айналатынын жоғарыдағы еңбегінде дәлелдеді. Р. Сыздықова қазақ поэзиясында ертеден екі форма -дүр мен ықшамдалған (-ды, -ді, -ты, -ті) қатар қолданылуын, мысалы: *Жауынды күні көп жүрме, Жар жағасы тайғақ-ты* (Шалкиіз); *Сырым саған тузу-ді* (Жиёмбет) нақты көрсетеді. Есімнен болған баяндауыш іс - әрекеттің нақты болған - болмағанын білдіру мәнін беретін дүр: *Сайдың басы түгел -дүр. Толған тоғай малы-дүр* (Жиёмбет). *Жалп-жалп еткен бәйтерек Жайылмағы желден-дүр* («Ақын», Қазан, 1912 ж.). С. Исаев та ауыз әдебиетінде және жазба нұсқаларда дүр мен -ды, -ді шылауының жарыса қолданылғанын -дүр етістіктермен қатар есімдермен тіркесетінін өзінің зерттеулерінде қолдаған еді. Осы орайда, тілшілер екі ұдай пікірде бірі -дүр ықшамдалып (-ды, -ді,-ты, -ті) демеуліктері болса, -дүр ықшамдалып -ды /-ді, -ты// -ті етістіктің өткен шағының көрсеткіші дейді (Ғ. Мұсабаев). Екіншілері: -ды, -ді, -ты, -ті -еді көмекші етістігінен ықшамдалған шылау дейді. Қазіргі қазақ тілінде -ды, -ді, -ты, -ті жедел өткен шақтың көрсеткіші, түбірге тікелей жалғанады да жақтық мағынасы жіктік жалғауының қысқа түрі арқылы беріледі. Күшейту мағыналы демеуліктер: -ды, -ді, -ты, -ті бар, Екінші топтың жіктелуінде өзіне тән бір ерекшелік, екінші үлгінің III жағының арнайы (-ты, -ті, -ды, -ді) қосымшасы бар (ол жекеше, көпше түрде де өзгермейді бір қалыпта сақталады: ол барады; олар барады). Есім баяндауыштардан, есімше, сын есім, зат есімдерден кейін -ды, -ді, -ты, -ті демеулігі өткен шақтық мағына

береді. Еді сөзі етістіктерге де, есімдерге де бірдей қатысып I, II-жақтық тұлғаларда (едім, едің, едік, едіңіз) қолданылып, қай сөзге тіркесе де, оған өткен шақ мағынасын үстейді, жіктеліп жұмсалады, қай жақ екенін көрсететін көмекші сөз ретінде жұмсалады -дүр-ден (мен-дүрмін) ықшамдалған -ды, -ді, -ты, -ті есімдерге, есімшелерге қатысты болып, олардан кейін жіктік жалғауы келмейді (*Бала деген жас ұл-ды* – мын емес), (*барған-ды-мыз, келген-ді-міз* емес сияқты), *Ғ. Мұсабаев өткен шақ көрсеткіші -ды, -ді, -ты, -ті жіктік жалғау жалғанады* дегенде (Бұл арада жіктік жалғауының ықшамдалған (бардымын емес бардым, келдімін емес келдім) үшінші топқа формалары баяндауыш болса жіктік жалғауы жекеше, көпше түрде жалғанады, кейде -ді түсіп қалып ем, ен, ед (і), ек) түрінде де қолданылады -автор) Жіктік жалғауды баяндауыштық қосымша деу де бұл аффикстің етістікке тәндігінен. Келер шақта көсемше жұрнағын бұл да керек етеді, ...ырықсыз етістік жасайтын -тыр (-тір, -дыр)-дір жұрнақтары да осы -ты/-ды мен туыстас дейді. Демек, *барған-ды, барды* дегенде -ды// -ды сыртқы формасы бір болғанымен тарихи шығу тегі жағынан әр түрлі дейміз. Р. Сыздықова Абай шығармасындағы -дүр тұлғасының көсемше тұлғасына жалғанып, бастауыш пен баяндауышты қиыстыратын III жақ көрсеткіші ретінде; -дүр формасының есімдермен келгенде шақтық көрсеткіші сипаты жоқ, модальдық шылау ретінде жұмсалатынын; -дүр формасының -ды (-ты) тұлғасына көшкен. Көмілдікті, дәлдікті білдіретін модальдық сипаты осы күнгі -ды, -ты формантында бар дегенді жазады. Әлеби тіл тарихын ертеректе зерттеген ғалым М.Балақаев *XIX ғасырдағы әдебиеттерде баяндауыш құрамында «дүр», «үр» қосымшасы жиі қолданылатын «боладүр», «өседүр», «сөздүр», «болдүр», «айтдүр» мысал келтіріп, Сондай-ақ есімшенің -тың тұлғасы ертеде –туғын, -тұрған, -тұған. Болып жарысы беретін* - дейді. С. Исаев келтірген көптеген түркі тілдерінде түр - үр - түр - ыр - - ол түр - ол тұрар - ол тұрып түр (осы шақ - келер шақ) деген алғашқы тұлғасы әр түрлі дыбыстық өзгерістерге түсті. Түбірдегі дауысты дыбыстың өзгерісін былай қойғанда (түр//тор), сөз басындағы қатаң дыбыстың үяңдануы (түр// дур, -тыр// дыр-) немесе сөздің -ыр// -ур деген екінші буыны түсіп қалып, соның салдарынан сөз мүжіліп барып, түр-ур// дур-ур - түр// дур түр //дүр тыр -ыр // дыр-ыр-тыр // дыр-тыр // дыр (казакша, өзбекше - ды, - ди, қырғызша - т болып қосымшаға айналған) (Сілтеме жасаған: Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. II, морфология, М., 1956). Біріншіден, -тұрған > тұғын > тын: ықшамдалып барып -тын// -тін есімшенің жұрнағына айналған. Екіншіден, түр түбірінен дыбыстық өзгерістерге ұшырап:

түр >дүр>дүр>дур>тыр>тір>дыр>дір>ты>ті>ды>ді>т>д қосымшаға айналған, оның себебі грамматикалық қосымша қызметте қолданылған компонентке әрқашан екпін түспейді, ол өзінен бұрын айтылған негізгі сөздің ықпалына ұшырап фонетикалық пішінін өзгертеді. Түр (төрт қалып етістіктердің - бірі) нақ осы шақты білдіреді, өздік етіс жасай алмайды (түр-ын-ды емес) ал, оның осы шақтық тұлғасына ұмтылуы қосарланып айтылып, шақтық мәнді айқындай түсуінің салдары. Бірақ, мән- мағынасы жағынан тең элементтердің қабаттасуы олардың бірінің мәнінің жоғалуына, басқа мәнге ие болуына алып келеді. II жақ тұлғалары аналогия жасаудың нәтижесінде -ды шақтық мәнге ие болып, III жақтың қосымша қызметіндегі түр етістігінен тарихи жағынан кешірек қалыптасқан. Сол сияқты ер>(е) ерді (жедел өткен шақ формасы), еркен, ермес; еді >екен>емес, еміс-тің де әуелгі түрі екен қалыптасқанын байқаймыз.

Е.Жанпейісов тұғын есім сөзі ретінде *Октябрь алдындағы прозалық шығармалар тілінде септеліп те, тәуелденіп жұмсалады (тілеспейтұғынның, болатұғынның, тұратұғынның, ойлайтұғыны)* – деп жазылғанын дәлелдеді. Бұл үлгі М-Ж.Көпеев шығармасында да кездесетіні ілгеріректе айтылады. Түркі тілдерінде -ған//-мыш//-ды (-мыш тұлғасы мен көмекші етістіктің жедел өткен шақ тұлғасы -ды бұрынғы өткен шақ мағынасында жұмсалған) -мыш+дүр тұлғалары қатар жұмсалады: *ағзам хазратларундан тапшырұлмышдүр* (тапсырылмысты) (Айшуақ ханның хаты) -мыш//-мыс жұрнағы *айтылмыш // айтылмақ // айтылатынды* сияқты қолданыстағы айтылмақ, келешектегі ойды білдіреді бүгінгі әдеби нормадағы -тын есімше тұлғасы, -ды жіктік жалғауы жалғануы арқылы бұрынғы өткен шақтың қызметінде болғанымен ауыспалы келер шақ жасайды. Демек, көне жұрнақ -мыш есімше тұлғасында тұрады да, -дүр демеулік ретінде жұмсалады. -Ұл//-ыл ырықсыз етістің көне жұрнағы. М-Ж. Көпеев шығармаларында аталған тұлғалардың әрқайсысының өзіндік қызметі бар. М-Ж. Көпеев бұл формаларды өзгеше грамматикалық қатынасқа түсіріп, басқаша түрде қолданған. М-Ж. Көпеев жинаған ауыз әдебиеті үлгісінде -дүр тұлғасы есім сөзбен тіркесіп күмәнді, дүдәмал ойды білдіреді -дүр формасын -ды шылауы ауыстыра алады мысалы: *Мынау қалай айуан-дүр деп айтты, Белдеу ұстап, жағалай жүр деп айтты*; -Дүр өзі тіркескен сөзге көмілдік, дәлдік мағынасын береді де модальдық шылау ретінде жұмсалады. Абай шығармасында -дүр варианты -дүр ғана кездеседі. Ал, М-Ж. Көпеев тілінде -дүр тұлғасы мынау не себепті айуан деді деген күдіктенушілік мағына береді. -Дүр жалқы есімге тіркесіп кісі есімін жасайды: *Баһадүр, Рүстем хаммасы сайып*

қыран; Сәйке, Баттыл, Баһадүр, Әмір-Темір, Патша өткен гадатлұр Баһрамгұр; Сол сияқты: М-Ж. Көпеев шығармасында дүр тұлғасымен жарыса орта ғасырлық -лұр, -гұр, -лұт формасы қоса қолданылған: *Алиссалут уалсалам галиан, иа Ахмет*; -Дүр етістікпен де тіркеседі: *Лаланы көрдім:... бұлбұл қапаста шеменде сайрай (ды) дүр...*; -ды ауыспалы осы шақтың кимыл-әрекеттің үнемі болып тұратын көрсеткіші, ықшамдалып ауыз әдебиетіне тән үлгімен түсіп қалғанын байқатады ал, оның рөлін дүр форманты шақтық көрсеткіші ретінде жұмсалған. М-Ж. Көпеевтің ауыз әдебиетінен алған үлгісін шебер пайдалана білгенін көрсетеді. Шағатай үлгісіндегі (Мөшһүр-Жүсіп лала гүл және махаббат туралы) деген элегиялық шығармасында:

*Сөз дәлден бейхабар-дүр,
Санамыңыз: жан-анайы,
Шамығ ол ғыр санай дүр,
Көр-атишы, сөз-анайы,
Ғашық-от әуел түсер,
Мағшүкқа ан дин ғашыққа,
Шамығ көркем жанбайынша,
Жақпады пәруанайы.*

Сұрақтар

1. Академик Н. Сауранбаевтың қазақ әдеби тілінің тарихы туралы не білесіз?
2. Барады, келеді -ды, -ді-лерді шағатайлық түрге теңеген Қазембектің пікірі қандай?
3. Орта түркі жазба ескерткішіндегі -дур, -дүр, -тур, -түр; -дуз, -дүз вариантының өзгелік етіс мағынасында жұмсалтуындағы ерекшеліктері туралы не білесіз?
4. -Дүр о баста зат есімді сөз болғанға ұқсайды деген пікірді кім айтты және қандай дәлел келтірді?
5. -дүр мен -дүр қосымшасы жалғанған сөзіне предикаттық мән беретіні қай еңбекте айтылды, дәлелі қандай? (Ғылыми - көпшілік әдебиет тілі жайында-деген ғылыми мақаланы қараңыз).

1.6 -Бей мен -дүрдің қызметі

-Бей ирандық қосымшасы туралы Ә.Төлеуов (-бей, -би, -на) жұрнақ сияқты сөз тудыратынын; ал К.Аханов ...қазақ тілінде префикс ретінде қызмет атқара алмайтыны айтады. М-Ж. Көпеевтің тіліндегі -бей қосымшасы хабар (дерексіз зат есім) сөздің алдынан жалғанып, префиксация (латынша) адъективтену (сын есімге айналу) тәсілі арқылы жаңа сөз (бейхабар) өзі жалғанған сөзге болымсыздық мағына беріп, -дүр формантымен тіркеседі. Үшінші жолдағы: *Шамығ ол гыр санай дүр* (Шамығ ол осы санай дүр); дүр есім сөзбен тіркесте жұмсалған. Сын есімнің орнына қолданылып өзі тіркескен сөзді анықтайды: *Кіре алмайтын осылар дүр ұжымаққа* (Мәшһүр - Жүсіп); Сындық мағыналы сөз де ауыз әдебиетінде, ақын-жырау шығармаларында ұшырасады: *Бұл жаһаннан арттырған, Дүрия бешпені белсені* (Қыз Жібек), *Дүр* (дей) *жауһар сырғасын, Котере алмай тұр құлағы* (Қыз Жібек), *Дүрия қорпе жамылып* (Шортанбай) -дей сын есімнің жұрнағы түсіп қалғаны көрінеді, дыбыстық өзгеріске түскен -дүр тұлғасы ұшырасады *Суман тек аразың гүл дүр тікансыз* (Хорезми); *Сіздерсіз мен де жоқ дүр хал* (Қыз Жібек). М-Ж. Көпеев дүр тұлғасын шақтық не болмаса демеулік мағына беретіндей қолданбаған. Есіммен келгенде дүр шақтық мағына бермейді. М-Ж. Көпеев дүр тұлғасын дербес мағыналы сөз есебінде де қолдану тәсілі де жоқ емес. Дүр араб тілінде дербес мағына да берген. Дүр (а) (дүрр).1. Инжу, маржан. 2. Ауыс. Данк, атак, абырой. [1. Жемчуг, жемчужина, коралл. Перен. 2. Почетная известность, слава, честь] – деген мағына береді. Субстантивтенген (зат есімге айналу) заттық мағынада да қолданған. Е.Жұбанов дүр өз алдына лексикаланып, заттанып кеткен. Одан дүрдей, дүрдию секілді туынды түбір сөздер де жасалады. Тегінде -дүр (-дыр// -дір) формантының есім сөзге, тіпті, кісі атына жалғанып айтылуы түркі поэзиясының өрідегі нұсқаларында да тән болса керек деген болатын. Р.Сыздықова да дүр тұлғасының көнеден келе жатқанын, түрлі морфологиялық қарым-қатынасқа түсетінін айта келе: «*Сірә о баста бұл сөз зат есім болғанға ұқсайды*» - дейді. М-Ж. Көпеев шығармаларында есім сөзбен тіркесте жұмсалған -дүр субстантивтеніп барып тәуелдік жалғауы (дүр+і) түсіп қалып та қолданылады немесе екінші жолдағы (дүр+і) сияқты болу керекті сөзінің (бір мырза дүр (і) ғылажы) і тәуелдік жалғауы дерексіз заттық ұғымдағы (ғылажы) құрамындағы ы мен ауысқан: *Ғашықлық бір мырза дүр (і) қатты, (дүрі) аңыз, Қушақтасып ебіспек дүр ғылажы, Егер де ғашық-мағышық қушақтасып сүйіспесе, гұмырында қосыла*

алмаса, өліп кетуі мұтшақық, *Дүр* (і) төгілген кісі екен таңдайынан (есімше тұлғалы); *Тыңдаудан әсте тынбаған, Гауһардай дүрі бұлдаған* (Дулат). Заттық мағыналы дүр септеліп, тәуелденіп өзі тіркесетін сөзбен матаса байланысады: *Көрінбей су түбінде жатумен, Басқадан қуны артылған дүрдің тасы* (Мәшһүр-Жүсіп); *Мәшһүрдің дүр* (і) төгілер таңдайынан, *Пендені хақ жарылқар қандайынан* (Мәшһүр-Жүсіп); *Бу суч бу гүнаһ бабамдандур* (Қорқыт) тәуелдеулі зат есімді шығыс септікті сөзбен тіркесте жұмсалады. М-Ж. Көпеев дүр тұлғасына шығыс септік жалғауын жалғап сөз жасайды да, өзі тіркескен сөзбен менгеріле байланысады: *Уалтиын дүрден ғылым білсең әні, Дін ғылымнан табылар ғылым көні?!;* Көмектес септігімен тіркеседі: *Бір сарай нұрланады Меке дүрмен* (Айтыс). Жоғарыдағы келтірілген мысалдарда тәуелдік жалғауының жасырын келуі ауызекі сөйлеу ережесінің заңдылығы. Дүр тұлғасының заттанып жіктік жалғауын қабылдау үлгісі ауыз әдебиетінен жеткен құбылыс, бастауыш пен баяндауыш I жақта қиыса байланысуы: *Едіге деген дүрмін, Үзімес жібек кендірмін... .. Шық еткізетугын мен дүрмін* (Едіге жыры); *Мен дүрмін, мен дүрмін, Мен де өзіңдей кендүрмін* (Ер Тарғын); Дүр зат есім тұлғалы сөзді бірыңғай сын есімді сөздер анықтайды: *Нұн-намаз, ра-риза, ти-зекет дүр* (Айтыс). Етістікпен тіркесуі: *-Жетпіс үш үммәтларым парық болдур* (Мәшһүр-Жүсіп); *Иана бу Дукан батурға душманлар имантиқ қуңту бардур* (Қаздауысты Қазбек); *Жан татлусын саңа білдүрейін мі* (Қорқыт); Дүр формасы көне дәуірде сұрау, сілтеу есімдігімен тіркеседі: *Болған соң хақ тағдыры не дүр шара* (Мәшһүр-Жүсіп); *Хан қызы себебі недүр дегіл маңа* (Қорқыт); *...-йамды хүзрәтингизгә мағлум олсун сибіргә қараған йурт зурлигина чыдамай баш тартыб кучуб мундай бөлгәә үчырағаны шул дур* (Кенесарының хаты). Себебі *солдүрки дуниеден ерте өткен бұл марқұмның...* (Мәшһүр-Жүсіп). Орхон-Енесей ескерткішінде шақтық мән *-мыш/-міс* тұлғалары арқылы берілген, дүр//дүр тұлғасы кездеспейді. Дүр заттық мағынада есімше тұлғалы сөзбен тіркеседі: *Дүр* (і) *төгілген кісі екен таңдайынан* (Мәшһүр-Жүсіп) бұл жағдайда тәуелдік жалғауы түсіп қалады. Көсемшелі тұлғалы сөзбен дүр тіркеседі: *Қазақма газетті ноғайда һәм қазақ та үгадур* (Әдеби мұра); *Дукан батур яшы айтадур* (Қаз дауысты Қазыбек); *...Хиуадан әскер болмайдур деп ойламаңыз* (Махамбет) ауыспалы осы шақтың болымсыз түрінің жасалуы. *...Васелей Ивановның атына салуыңыз, иылдам тиедур. Болмаса хар (эр) иерде йатуп қаладур* (Ғабитханның Халиоллаға хаты); Абай дүр тұлғасына *-дей* жұрнағын қосып, адъективтену тәсілі арқылы (сын есімге айналу) *дүр+дей* сөзі, екінші мысалда ауызекі

сөйлеу ережесінің ықпалымен дүрдей араз екі сөздің бірігу нәтижесінде дей жұрнағының ей дыбысы ықшамдалып дүрлараз синтаксистік (аналитикалық) тәсілмен жана сөз жасалады. *Ішім толған у мен өрт сыртым дүрдей, Мен келмеске кетермін түк ондірмей* (Абай); *Кісімісін дүрдараз, Бұраңдап қылма наз* (Абай). М-Ж. Көпеев дүр тұлғасына -лар көптік жалғауын жалғап заттандырады: *Ол садафтың ішінде қанша би баға қиямет дүрлар бар; Қамұқ йақұт ерінлі, сөзі дүрлар* (Хорезми). Дүр тұлғасы демеуліктің орына жүреді: *Уал зейтүн мағырипат жемісі дүр, Білем десең өзіңді, өзің таны!* (Мәшһүр-Жүсіп) бұл мысалдағы *жемісі дүр* тіркесін, *жемісі-ді* -дүр // -ді демеулік шылауымен ауыстыруға болады. М-Ж. Көпеев шығармасында - түр// -дүр// -дүр-лердің ықшамдалып кеткен - ды, - ді, - ты, - ті қатар қолданылады: Бұл да көнеден жарыса жеткен күбылыс. Бірақ та, М-Ж. Көпеев қолданысында бұл формалар бір мағыналы ғана емес, түрлі мағыналы қызмет атқаратыны көрінеді. Мысалы: - ын түр форманты жетекші етістікке амалдың белгілі бір мезетке дейін (уақытша) жалғаса беруін, істеле беруін білдіретін мағына үстейді. Түр тұлғасы құрамында ортақ етістің жұрнақтары (-с) бар сөздермен тіркесіп, іс-қимылдың бірнеше адамға ортақтығын да білдіреді: *Жұрттың әке-шешесі қарасып түр, Қарасқаны жалғанға жарасып түр. Маған қарай көз тіккен жалғыз жан жоқ, Менің көзім алақтар адасып түр* (Мәшһүр-Жүсіп); Дүр тұлғасы шактық емес, демеуліктің де қызметін атқарады іске нақтылық, дәлдік, мақұлдау, күмәндік сияқты реңк қосады: - *Ажал деген қаршыға, адам жемдүр, Пейілі тар сараң байдың аты кімдүр. Қандай жан Гулишат деген мұның өзі, Шәһәрі патшасының аты кімдүр ?* - сы артық буын қосылған бұл туралы сәл кейінірек айтамыз. (Гүлишат-Шеризат). Дүр демеулік шылаудың рөлін атқарған және ығи баяндауыш қызметінде жұмсалады Т.Қ. Қордабаев «Үстіміздегі ғасырға дейін жазба ескерткіштерінде, бірінде аз, бірінде көп болса да, баяндауыш жалғауы құрамында -дүр формасы да кездеседі» - сөзі де дәлел бола алады. Ақын-жырау шығармасында -дүр тұлғасының фонетикалық өзгеріске ұшыраған -дүр шылауы да қолданылады.

Мысалы:

*Жапырағы жасыл жаутерек
Жайқалмағы желден-дүр,
Шалулығы белден-дүр,
Төренің кезігуі елден-дүр,
Байлардың мақтанбағы малдан-дүр,
Ақ киіктің шабу жері майдан-дүр.*

Кешу кешмек сайдан-дур-
 Батыр болмақ сойдан-дур
 Жалаңаш барып жауға ти,
 Тәңір өзі біледі,
 Ажалымыз қайдан-дур! (Шалкиіз).

Ықшамдалған демеулік шылаулар да әр түрлі мағына үстейді, тұлғалары бір демеулік болғанымен, тұтас семантикалық мағынасында сөз де болса өзгеріс болады: *Ер Ғали тамам елге хабар шапты, Ерінген осы олжадан жарамас-ты* (қайрау, құрқалмау); *Қиындық мұндай патша көрмеген-ді, Қылышты қысылған соң сермеген-ді* (іс-қимылға қосымша жүктеме); *Арыстан өліп қалды қылыш өтіп, Ажалсыз патша мұңдық өлмеген-ді* (Мәшһүр-Жүсіп); *Сөйгелді, сона менен бөгелек-ті, Үшеуі халфе сайлап көбелекті* (Мәшһүр-Жүсіп); *Адамда ақыл, айла көп-ті дейді, Әр түрлі білер, құлар, епті дейді* (Мәшһүр-Жүсіп); *Келмейді тілім сақау айтқан сөзге, Фарағат рақат жазған жоқ-ты бізге* (үсті-үстіне дәлелдеу) (Мәшһүр-Жүсіп); *Кім тігер сен тоңды деп ақ шатырды, Болса да қоңіл қорқақ, тіл-батыр-ды* (Мәшһүр-Жүсіп); *Қылышты қысылған соң сермеген-ді, Ажалсыз патша мұңдық өлмеген-ді* (Мәшһүр-Жүсіп). Дүр құрамындағы сөз пысықтауыш қызметін атқарады: *Алған соң тәкаппарлық сатып менен, Дүрдиер өз үйіне өзі сыймай* (Мәшһүр-Жүсіп). М-Ж. Көпеев шығармаларында дүрдие сөзінің баламасы ретінде үрдие (л дыбысы) ықшамдалып қолданылады: *Үрдие қуаттанды партиямен, Көрсетіп әлсіздерге жуан мойын* (Мәшһүр-Жүсіп). М-Ж. Көпеев шығармаларында фонетикалық трансформация жолымен грамматикаланған тұрған сөзінің (>тұғын>тын>тін) (тұғын, тын) қатар қолданылғанын көреміз. Тұғын формасы ауызекі сөйлеу тілінде, қазақ әдебиетіндегі кейіпкерлер тілінде қазірде жиі қолданылады. Дегенмен, қазақ әдеби тілінің нормасында тұрған формасы сияқты тұғын да бірте-бірте жойылу процесі байқалады. Оның орнына ықшам тұлғасы қазіргі есімшенің (ауыспалы келер шақ) жұрнағына айналған -тын// -тін көбірек пайдаланылады. Е. Жанпейісов -тұғын формасының орнына қазіргі әдеби тілімізде -атын тұлғасы субстантивтеніп те, атрибут орнына да, шақтық мағынада да - бәрінде қатар аралас жұмсалып отырады дейді. Тұғын қосымшасының тұрған дегеннен ықшамдалғанын И.Ильминский, М.Герентьевтар да жоққа шығармайды. Х. Досмұхаметұлы жазған есімшенің -түн қосымшасы М-Ж. Көпеев тілінде ауыспалы келер шақтың болымсыз түрі -түн және - тұғын формаларының қатар келуі арқылы жасалады да -тұғын формалы сөз субстантивтеніп табыс септігінің - ды қосымшасын қабылдайды. ...*Ай, Күн, жұлдыздардың*

батқандығынан заласы қайтып, мен бұларды сүймеймін, батпайтұн, жоғалмайтұн, жоқ болмайтуғынды сүйемін дейді (Мәшһүр-Жүсіп). Құдай салса көрмейтұн халың бар ма? (Мәшһүр-Жүсіп). Е.Жанпейісов -тұғын тұлғасының Октябрь алдындағы прозалық шығармаларда субстантивтеніп те кетеді, яғни есім сөздер ретінде септелетінін, тәуелденетінін жазды. Тұғын формасының көпөрек толық түрі тұрған адъективтену арқылы сын есімге айналады есімшенің көне түрі -мыс//-мыш//-мін етістіктерден сындық ұғым тудыратынын айтқанбыз, осы аталған тұлғалардың синонимі - ган//-ген есімше тұлғасы да өзі жалғанған сөзге сындық мағына береді. -**Ган** (түр + ган) бөлшегінен тиген енші екендігі белгілі, есімшенің (осы), өткен шак түрі - атын, - етін жұрнағы арқылы жасалады. Бұл жұрнақтың өзі тарихи жағынан түр етістігінің өткен шак есімше түрінен қысқарған. Бұл жұрнақтар М-Ж. Көпеев шығармасында қатар қолданылады. Осы шактық мән әуелгі -а (-е, -й) жұрнағы мен түр етістігінен қалған. Ал, -атын жұрнағының мәтінге орай бірде, осы шак, бірде келер шак болатын қасиеті қалыптасқан. Е.Жанпейісов -**атын** тұлғасы субстантивтеніп те, атрибут орнына да, шактық мағына да - бәрінде қатар аралас жұмсалатынын - айтады. -**Аған**, -еген қосымшасы шактық мәннен айрылып, сын есім тудырады: тебеген, қашпаған, береген, сүзеген, жатаған т.б. Башқыр тіліндегі есімше туралы проф. Н.К. Дмитриев оны «етістіктен болған сын есім» - деп анықтайды. Ал, А.Н. Кононов есімшенің етістіктен жасалатыны туралы шартты түрде ғана есімше деуге болады дейді. Есімше сын есім сияқты септеліп, тәуелденіп, көптеледі, жіктеледі. Жіктелгенде зат, сын есім тәрізді жіктеледі. Сөйлемде есімше сын есім сияқты анықтауыш қызметін атқарады. Есімшенің ерекшелігі екі жақты қызметі барлығы. Сын есімге тән қасиеті мен етістікке тән қасиеті.

Сұрақтар

1. - би, (-бей) префиксінің сын есім тудыру жағынан өнімді екендігін дәлелдеңіз?
2. Араб - парсы префикстері туралы алғаш зерттеген кім, қандай дәлелдерін білесіз?
3. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар қазақ сингорманизм заңына қайшы қолдан жасалған ереже емес пе екен, дәлелдеңіз?
4. Көсемшенің өзгермейтін форма ретіндегі қызметін дәлелдеңіз?

5. - атын формалы есімшеге -дай, -дей жұрнақтары арқылы туынды сөз жасап, теориялық дәлелін айтыңыз?

1.7 -Тұрған мен -тұғын

М-Ж. Көпеев шығармасында -тұрған //- тұғын тұлғасы қатар қолданылады. -Тұрған тұлғасы дүние, күн сөздерін сындық мағынасы жағынан анықтайды: *Үстімізде қазір тұрған дүние жоқ болып, қиямет қайымның болуы растылығын және Күн өзі Күн болып тұрған жоқ екен, оны Күн қылып жарқыратып қойған ар жағында құдіреті күшті құдай барлығын, соның үшін хазірет Ибраһим: «хәлил алла лә әхәббә лә флин», -дейді; Оның бадырайып, адырайып тұрғандығы-жақындығы; ...көрсетіп тұрған күн сөулесі; Қасында тұрған қатындар; ...орынға тұрған жерін көргенім жоқ; Тұрған тұлғасы тұрғын формасында қолданылып сындық мағына береді: Ең жақын билеп тұрғын ұлықтары барша қазақтарын оязный начальниктер ... («ДҮ-21») Тұғын формасының алдынан көсемше тұлғасы -дей тіркеседі (айтатын) ұғымындағы сөз жасайды:*

*Сөзімді естігендер шын дейтұғын,
Құдайдан басқа да көп мін дейтұғын,
Бағзылар хисап қылып білген болып,
Екі жүз жиырма төрт мың дейтұғын
(Мәшһүр - Жүсіп).*

Мына жағдайды айтпаса болмайды: -а, -е, -й аффиксі көсемшенің үнемсіз деп аталатын түрін жасайды, оған өзіне тән тағы бір мынадай ерекшелігі бар. -а, -е, -й аффиксті көсемшенің түр деген көмекші етістікпен тіркесе күрделеніп қолданылып, көмекші компонентінің есімше формасымен (тұр-ған) кіріге бірігіп кетеді де, есімшенің -атын//-етін, -йтін//-йтін аффиксінің жасалуына негіз болады, мысалы бара тұрған айтыла келе баратұрған, келе - келе баратын болып калыптасқан. М-Ж. Көпеев шығармасында тұғын формасының осындай жолмен калыптасуы жиі кездеседі де, ауыспалы келер шақ және болымсыз етістік жасайтын жұрнақтар -ма, -ме, -па, -пе -ба, -бе арқылы ауыспалы келер шақтың болымсыздық түрін жасайды: *жауатұғын, дейтұғын, қалайтұғын, көретұғын, ойнайтұғын, тонайтұғын, ұстайтұғын, сойлейтұғын, баратұғын, кірмейтұғын, қызбайтұғын, бұзбайтұғын, қозғайтұғын, ойлайтұғын, жейтұғын, болатұғын, алмайтұғын, жалмайтұғын, бармайтұғын, жүретұғын, білетұғын, еретұғын, тыңдайтұғын, оратұғын, танытұғын, айтатұғын, тұратұғын, алжитұғын,*

болжасайтуғын, қайтаттуғын, жететтуғын, береттуғын, кіргізеттуғын, аяйттуғын, жұмсайтуғын, табаттуғын, жататтуғын, бітпейтуғын, береттуғын, отеттуғын, кешеттуғын, болаттуғын, өсеттуғын, өнеттуғын, жүреттуғын, түспейтуғын, бітпейтуғын, жетпейтуғын, есеттуғын, білмейтуғын, салаттуғын, қалаттуғын, алмайтуғын т.б. М-Ж. Көпеев кисса, дастандарында - тұғын формасын бұйрық райлы етістіктен соң келетін көсемшенің - а тұлғасынан кейін арнайы ауыспалы келер шак жасайды да өлең жолына ұйқас беру үшін пайдаланады:

*Қоржының жоқ ет пен нан салаттуғын,
Торсығың сусын күйіп алаттуғын,
«Ас-адамның арқауы», - деген сөз бар,
Сендей жаяу әр-жерде қалаттуғын.*

М-Ж. Көпеев шығармасында өзгелік етіс жұрнағы -тір, көсемше тұлғасы -е, есімше тұлғасы -тұғын формалары арқылы тіркесіп өзгелік етіс жасайды: *...миға залал келтіреттуғын уларды жуып, тазалап тұрады*; Бұндай сөз жасау үлгісі сирек болса да кездеседі.

Сұрақтар

1.-атын (-етін, -йтын, -йтін) жұрнақтары жалпы осы шак есімшесі деп аталуының себебі неде?

2. Баскаковтың (тұрған> тұғын>тын) пікірімен проза тіліндегі тұрған//тұғын формасының қолданысы?

3. XX ғасырдағы қазақ әдеби тілінде осы формалар қолданыла ма, дәлеліңіз?

4. -ар тұлғасының -а -тын (й -тын) орындарында қолданылу әдісі туралы ойларыңыз қандай?

5. -тыр (-тір) туралы Қалыбаеваның пікірі қандай, қазіргі тілші зерттеушілердің ойлары?

1.8 -Тұрым мен -кұрым

М-Ж. Көпеев тілінде жазғытұрым, жазғытұры (-м), жазғытұрғы ықшамдалған варианттар да кездеседі. Кеңшілік болды уақыт жазғытұры, Қар кетіп, ылай балшық жер болды құры (кұрып кетсін деген мағынада); Жазғытұрым емес біз, болдық қой күз, Қыс боп қалдық дегенше күдеріңді ұз; М-Ж. Көпеевтің жинаған ауыз әдебиеті үлгісінен: «Жазғытұрғы кез, жаманшылық уақ қой, өйтін-бүйтін бір сабаны әрең толтырып алып келдік дейсің» мысалдардағы: Жаз+ғы//тұр+ғы (жаз+ғы) сөзі мезгіл мағыналы зат есім, (тұр+ғы) етістік - ғы жұрнағының көмегімен адъективтену

үрдісі арқылы сын есімге айналған, жаз+ғы (тұрғы) сөздері кез/уақыт сөздерімен барабар мәтінге ыңғайына байланысты қолданылады да (адвербиалданып) мезгіл үстеуге айналады. Тұрғы, тұрым сөздері жеке тұрғанда қолданылмайды. Тек қана мезгіл ұғымына байланысты сөздермен тіркеседі. Қосарлану, бірігу арқылы сөз жасауға түрткі болады. Жалпы - ғы жұрнағының функциясы үлкен. Мысалы, Ә.Төлеуов - ғы жұрнағының жатыс септігінің үстіне қосылған түрін (да-ғы, де-гі) локативті (lokativ-жатыс жалғауы) формасы деп, сондай-ақ - ғы жұрнағы арқылы түрлі туынды сөз жасалатынын айтады. А.Ысқақов, Ә.Төлеуов - ғы жұрнағының көбіне есім сөзге тіркесін айтады да, түбір етістіктен де сөз жасау қабілеті барлығы ескерілмейді. К.Аханов (сырғы, атқы) сөздерін жатқызады. - Ғы жұрнағын Н.К. Дмитриев: «Ги сохранился в отдельных словах вроде кесерт-ги (Ящерица)» дейді. - Ғы фонетикалық варианты (-гі, -қы, -кі) сөзге жалғанбайды, өйткені бұл жұрнақтар белгілі бір сөз табынан екінші бір сөз табына қатысты сөздер тудырады. - Ғы жұрнағы айтылар істің нақтылығына тағы көз жеткізу сол сөздің қайталанатындығына күмән тумады деген мағыналы етістікті сөз жасалады. Бұндай түрленіс көнеден келе жатқан құбылыс екендігі мына мысалдан байқалады. Бірақ, - ғы жұрнағы туынды сын есім тудыратын - лы қосымшасымен тіркесте жұмсалады: ...уа астрахатлігі үшін қылған, ...илә хукум қылмақлығы өзінің іздеһадлы ғамхорлықы; ...Орынборұхның базар башлуғы (бастығы) Вилычконың, ізгу халқы; біздің мархаматлу (мархабатты) сұлтанум -ты//лу+ғы (-ты//лы-ның көне нұсқасы лу сын есім тудырушы жұрнағы қолданылады (Айшуақ хан). Жазғытұрым (4). Қыс пен жаздың арасындағы маусым, көктем (Абай тілі сөздігі). «Қонушы еді біздің ел, Жазғытұрғы Жайықтан» (Ғ. Қараш). «Жазғытұры қалмайды қыстың сызы, Масатыдай құлпырар жердің жузі» (Абай); Жазғытұры мектептерде, школдарда оқу болмайды (Міржақып Дулат); Ұрпақсыз өлген Наурыз жазғытұры (Шонбай Жұбанұлы). Жазғытұры сөзі сияқты күзгітұры сөзі де қолданылады: Күзгітұры болғанда, Қаптай қонып алушы ек (Күдеріқожа Көшекұлы). - Ғы жұрнағының синонимі -ым сын есім жұрнағы кейде қолданылуына қарай мезгіл үстеу де болады. А.Ибатов -қы, -ғы, -кі, -гі аффикстерінің тарихи қалыптасуын айтқым, көргім сөздерінің құрамындағы -қы, -гі түзгелері арқылы дәлелдейді де айтқым, көргі сияқты қолданыс ешбір жерде еленбейтінін, Алтын Орда дәуірінде - гү, - гү аффиксі арқылы сөз жасалғанын айтады. Ол кезде бұл аффикстер түбір етістік сөздерден жаңа туынды сөз (қимыл атауларын) жасаушы қосымша

дәрежесінде қызмет еткенін жазады. Мысалы: *алғу, барғу, келғу, ізғу сияқты* дейді. Демек, кимыл атауы ретінде қалыптасқан көне сөз *тұрғы* осы ізбен жасалғаны анық ескерткішінде - *қа* жұрнағы барыс септігінің - *ға* жалғауымен тұлғалас қолданылған. Мысалы: *Темір қапығқа тегі сүледім; Тұрт булуңдақым бұдынығ; Балықдақым тағықмыс («Орхон – Енесей»); Шами гүлгүгі йер йүзіне дікдүрмішеді; оғланишугы, ушағым (Қорқыт ата); усугыдан, қамағым («Оғыз қаған»);* сөздерінде -*ғы// -гі* жұрнағы сөз тудырушылық қасиеті анық байқалады: *қапығқа-қақпаға, булуңдақым-бұрыштағы, балықдақым-қаладағы, гүлгүгі-күнігі, оғланишуга-ұлға, ушағым-ұшағы, усугыдан-бұрынғыдан, қамағым-қамалғандар т.б.* Алтын Орда дәуір әдебиетінде: *Хала кеч келганиға; Нух алайһи с-салам өзүңа кефир бергил дедилар; ...болған өлүкларни көрүп йемәкка машғул болды (Рабгүзи); Ей Сулайман кичикликига қараман (Сүлеймен алайһи с-салам хикаялары); ...аллаһига тоба қылып (Харут пен Марут); өйүгі сонра қалур; Бурунқым завқ һич сонра табудмаз; Кілімүңга қора көсүл аяққы (Күтып); Пері рүхсарларның көркка байы; Аның кім сыдқым болса инсан (Хорезми);*

М-Ж.Көпеев шығармасында: *Бір еркек, бір ұрғашының сүйіскендігінен, түйіскендігінен, алқыңған, жүлқыңғандығынан ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен бір су бала жататұғын жатырға барды; ...жаман кісі атанатұғындығы-сол ; -ға, -гі, -қа, қы тұлғалары қатар қолданыс тапқан. - Үм сын есім тудыратын жұрнағымен (сарғылтым, қызғылтым) зат есімнің жұрнағы -м, (-ым, -ім) (өнім, түсім, жайылым) функциясымен салыстыруға келмейді. К.Аханов зат есімнің аталған жұрнақтары етістік атаулының бәріне жалғана бермейтінін айтады. - М жұрнағы жайында екі түрлі пікір бар, проф. А.Ысқақов етістіктен зат есім тудыратын өнімді десе, проф. Э.В.Севортян өнімсіз дейді. «Значительный вклад в словарях тюркоязычных народов оставила отглагольно-именная форма на -м, -ым, -им, -ум, -үм, реже -ам, -ем. Форму на -м также следует отнести к числу слабопродуктивных в современном ее состоянии» (Севортян). Ә.Төлеуов -м жұрнағының етістікке (талғам, тоқтам, түсім, кесім т.б.), зат атауын (жем, жайылым, немесе тарам, бөлім, жарам т.б.), бір сөзімен тіркесіп: (бір шегім, бір қайнатым) т.б. түрлерін атайды. **Жазғытұры** (-м) сөзінде -м түсіп қалып ықшамдалған күйі берілген. **Тұрым** тұлғасына қарай **түр** етістігінен - ы (-м) -ым сын есім тудырушы жұрнақ болып есептеледі. Қазір бұндай қолданыс жоқ, көнеленіп кеткен форма болып табылады да, жазғы сөзімен кірігіп кеткен түрінде ғана қолданылады. Бұндай құрылыстың қазіргі қазақ тіліне тән құрылым емес. **Тұры//күні***

сөзімен алмаса алады. Түр тұлғасы жағынан етістік болғанымен, жоғарғы тәсілмен жаңа сөз жасайды да аралық мезгілді білдіреді. Ал, күн сөзі нақты уақытты көрсетеді. «Осы журнал (-ым, -ім...)» арқылы кейбір етістіктерден туған сөздер ...қазақтың бұрынғы өмірінде өлісем, мәлиер атаулары есебінде халық термині ретінде жұмсалған (А.Ысқақов). Жазғытұрым мен кешкүрым сөзінің арасында семантикалық байланыс бар. Тұрым күннің ағарып шығуымен байланысты болса, күрым//уақыт//мезгіл баламасымен кеш түсуімен күннің батуымен ұғынылады. Тұрым мен күрым мағынасы жағынан антоним сөздер. Күрым сөзі көне түркі тілінде түн//қаранғы деген мағына берген. Себебі, қаракүрым (сындық мағынасы да бар) киіз, күрымкиіз деген сөздің құрамында да күрым сөзі қолданылады. Күрым сөзіне анықтама берсек: «Күрым зат. Түтіннен пайда болған қара-қошқыл ыс, ысталған затқа жүкқан түтін дағы. *Күрымкиіз – түтіннің ысы тиіп, қара қошқыл тартқан киіз» (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі). Тұрым//түру//түр сөздері таңның атуынан барып, маусым атауына жүгінған о бастағы мезгіл ұғымын жоғалтпаған. Тұрым сөзі күннің шығуы мен жаздың басы есебінде қолданылса, күрым сөзі керісінше кеш бату ұғымымен тығыз байланысты. Олай болса, бұл сөздердің о бастағы мағынасы тұрым//күн, күрым//түн сөздерінен шыққан секілді. Тіпті, тұрымтай, күр күстың аттарының өзі күннің атуы мен, батуына байланысты туған мезгіл-маусымында жұмыртқа салатын уақытына қатысты қойылуы да мүмкін. *Топтанып ұшқан торғайға, Тұрымтай да бата алмас* (Мақал). «Көктем» деудің орнына «Жазғытұрым» сөзін де қолданамыз. Оныңқыстың аяғы, жаздың басы екені аян. Бұл біріккен сөздегі бізге белгісізі көне «тұрым» сынары. Монғолда «түрүүи» тұлғасы «өуелді, бұрын», ал қалмақтарда «түрүн» сөзі «басталу» сияқты мағыналарда қолданылады. Біздің жорамалымызша, «түрүүи» тұлғаты сөз ертеде түрік тілдерінде болып, кейін ұмытылып, тек «жазғытұрым» сияқты тіркесте сақталған болуы мүмкін. ...«жазғытұрым» сөзі - «жаздың басы» болып түсіндіріледі. «Жазғытұрым» сөзі тілімізде «жазғытұрғы», «жазғытұры» қалпында да айтыла береді. Осыған қарағанда, «тұрымның» алғашқы тұлғасы «тұры» деуге де болады (Ә.Нұрмағамбетов). М-Ж. Көпеев тілінде кездесетін растылығын (рас-ты-лы-ғы-и) сөзінің синонимі шыңға дерексіз барыс септікті сөз (субстантивтеніп барып септеледі) акын-жырауларда ұшырасады: *Келінсің, тақсыр, мұнда, - деп, Құлағыңды сал шыңға, - деп* (Қашаған Күржіманұлы) рас, шың сөздері тұлғасы жағынан үстеу адъективтену процесінің негізінде - ты //- ті туынды сын есімнің жұрнағы арқылы (сын есімге) айналған.

Е. Жұбанов бұл журналдардың халық поэзиясында қатыстық сын есім жасайтынын айтқан болатын. Осыған орай, М-Ж. Көпеев тіліндегі түбір есімдегі (раст, дост) - с дыбысынан кейін -т фонемасының қолданылуы туралы өз алдына бөлек әңгіме. Е. Жаппейісов «Қазақ прозасының тілі» еңбегінде біраз қарастырған. М-Ж. Көпеев тіліндегі «Мал - арыстанның аузында, түрікпеннің түбінде» деп айтылатұғынлығы түрікпеннің жігіттері аса ер, мықты болып, басқа жұртқа мал сіңіртпесе керек, Адамның денесіне болған қан желден жасалатұғынын мұнан байқ, ...маңызды іске жарап орынға тұртұғынын... айтылатұғынлығы (айтыла+тұғын+лы+ғы), етістіктердің субстантивтеніп барып зат есімдерше тәуелденетінін, септелетінін басында айтып өткенбіз: жасалатұғынын (жасал+а+тұғын+ы+н), тұратұғынын (тұр+а+тұғын+ы+н) -ы тәуелдік жалғауының III жағынан кейін, табыс жалғауының қазіргі қазіргі әдеби тіл үлгісінде де бар. Көне түрінде -ы+ны; -ы+ні сияқты табыс жалғауының түрі жалғанады. Бұл үлгіде М-Ж. Көпеев тілінде ұшырасады, кезі келгенде айтатын боламыз. Абай қарасөздерінде тұғын формасының бұзылмайтұғынын, алетұғынын, келмейтұғынын, жібермейтұғынын (Абай - 460-465) тәуелдену, септелу үлгісі кездеседі. -Тұғын формасы туралы мына еңбектерде айтылды: (О.Нақысбеков, И.Қ.Ұйықбаев, Б.Әбілқасымов, М. Томанов) т.б.

-Лы етістіктің морфологиялық қосымшасы мағына жағынан да, форма жағынан да аса күрделі өзгерістерге түскен -лық, -лік қосымшаларының ықшамдалуынан туған. Етістіктің -лы қосымшасы ол баста -лық, -лік (айталық, көрелік) қосымшасымен бір тектес болуы мүмкін деген пікір бар (Қононов-151). Проф М. Балақаев етістіктің қалау райы бірінші жақта тұрып көпше түрде бірде -йық (бара-йық), бірде -лық (бара-лық) болып тұлғалануын жөнімен ауытқу деп атайды да, -лық тұлғасының -лы болып қысқаруын жөнісіз ауытқу дейді. XVIII ғасырда -лық//-лік тұлғасының ықшамдалған формасы -лы//-лі өте жиі қолданылған. Көне дәуірде -ғы//-гі //қы//-кі тұлғасы жағынан бара-бар, қызметі мен мағынасы әр түрлі барыс септікті -ға (жалаң -а) қолданылған: қалыға, уалаятыға, көкерлеріге, ағамға, фәрмәніңә, халлыққа, тапұғына, хазратларымыза, Орала суының сахра... (Орал өзенінің аты); табыс септікті -ны (жалаң -ы) саятлыны, сұрамақлыққызыны, жамағатларны, ішлөрні, өзімні, жамағатларымын, кешірмағіміні, сізлөрні, өсиетні, қылмақлары, қылдурмаққызыты, қазіргі әдеби нормаға жат тәуелдік (-ы) жалғауынан соң, табыс септігі (-и), -дын (-ның) ілік септігі қосқабат жалғануы: ғынаятлар+ы+и+дын,

страшина+лар+ү+н+дан, хазрат+лар+ү+н+дан, қыргыз-қазақ+лар+ү+н+дан, сұлтан+лар+ү+н+дан, би+ләр+ү+н+дан, баш+ү+н+дын -ы тәуелдік жалғауы -ү мен -н табыс септігі, (нәсілінен//-дан), -дан шығыс септігі немесе ілік септігі *юртымызның* -ның (-дың), *біздің-нің* (-дің), есімшенің тұлғасы мен барыс септігінің -ор+ға тұлғасы *қылорға*; -ғ дыбысының артық келуі: *болғушы-болушы, тугма-тума; ұруғлар+ы+нда, гайрус+ы+нда*, -ы тәуелдік жалғауынан -нда жатыс септігі, тәуелдік жалғауынан соң -н табыс септігінің, ілік септігі -дің емес -ім түрінде : *дүрсат+ла+мәг+ім* илә *таптурамын*, шылаулардың көне түрі: *уа, һам, илә, үшүн, илән, гәне (және), есімдіктер бән, бәнім, біздің, шоның, сіздің, бізләр, анлар, үшбу (осы+бұл), үшбуның, үшбуңәр* (зат есім сияқты септеледі -ның, II жақта анайы түрі -н (-ңыз, -ніз) тәуелденеді, есімше тұлғасы -әр қабылдайды), сілтеу есімдігі: *шол, аңа, шоның*. Есімшенің -мыш формасының «Орхон – Енесей» ескерткішінде -міс//-мүс тұлғасы бар көнеден жеткендігі, кейінгі жазбаларда сақталғаны байқалады. *Теңрі тег, теңрі йаратмыш; Антағының үчүн ігідмиш*; (Орхон-Енесей); (*тапсұрылмыш, тугмыш*), -дүр (*қайсыдүр, нешүкдүр, ибәруләдүр*) тұлғасы; -мак, -мек жұрнағының морфологиялық түрлі қызметі көрсетіліп, есімшенің: -гән *тағайынләнгән*; қазіргі әдеби тіліндегі барыс жалғауы тәуелдік жалғауының III жағында тұрған сөздерге -на, -не түрінде жалғанса, барыс септігі -ка//-ка, -ға//-ге түрінде жалғанады. Сол сияқты қазіргі әдеби тілімізде аталған сөздерге барыс септігінің -а, -е түрі ғана жалғанса, бұл жазбада -ға, -ге түрінде жалғанады. Сонымен қатар жалаң -а, -е түрі де қолданылады. Барыс жалғаулы есімдіктерде кездеседі: *аңа, оңа, муңа*. Тәуелдік жалғауы III жағынан соң табыс септігі әдеби нормада -н түрінде жалғанса, аталған жазбада -ның, -нің түрінде келген. Екінші жақ анайы түрінің жағынан сөйлеу: ...*алла тағаның тақтыдыры боюыңша офат оліңді* үлгісі бар. Барыс септіктің жалғаулары өте жиі қолданылған олар фонетикалық өзгерістерге де ұшыраған: -ка//-ке//-кә, -ға//-гә: *Анта ічрекі будын қоп маңа; Талуйқа кічиг тегмедім; ерменке, қапығқа, ағысыңа* (Орхон-Енесей). ...*ханлыққа, тағайынламақліккә, билемеклікке, бізләргә, қылмаққа, қануңға, қылмақлыққа, сақламаққа, әкәһләндүрмәкке* (Мәшһүр-Жүсіп); Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы фонетикалық ерекшеліктер мынандай *ж/ю: юз-жүз, юртының-жүртының, юрун-жүріп, юргушы-жүргізуші, юлдызының-жүлдызының, юмында – юонінде, юмінде, юрәкдән-жүректен*; л дыбысы ықшамдалып келеді: *алла тағаның-тағаланың; и/ж: иылда; у/ү, ы/і: хукмым-хукмим, үшүн-үшін; ф/п: тарфында-тарапында, офат-опат; ю/й: боюыңша-*

бойынша, қою (қай), қайы (қайы); е/ә: едәшіләр-етушілер, ерқалар-еркелеп, уағдаларын-уәделерін; е/т, і/ү: едүн-етін, өтүнін; с/ш: башлық-бастық, қолданш-қолдас, шол-сол; я/ж: яқшы-жақсы, яшында-жасында, аның үшін (оның үшін) қолданысы кездессе, г/к: гам-кам, гата-ката, гамхорлығы, ұлығ-ұлық; х/к: хайыр-хұда, шариг; л дыбысына байланысты өзгерген сөздер: іжаһадты-іждаһатты, алысда-алыста; д/т: башлығы, тиішлі; кейбір сөздер әдеби нормаға жат ұяң дыбыстарға бітеді: жұмығ, ұлығ, шариг, кірме сөздер: граф, есім сөз Виличконың, Павел Семенович Попов, Филипович Скворцов, император, старишиналарундан, пристаф, генерал майор, войсковой старишина, ковалер, канфединт бар; ү/і: нәсптү, келтүрүп, берүп, тігенше-түгенше, хукүмәт, едүн; д/л: пендешілік-пендешілік, кепіллік, еллігіміз; ү/ы: мархабаттү, гинаяттү, қылуи-кылып, гызаттү, бүрүн, хұзұрызда-кұзырыңызда (н дыбысы ықшамдалады), - ы тәуелдік жалғауы ү дыбысымен берілген: жамағатларұны, баршаларұмыз; г/г: агзам-ағзам; м/б: иланмас-иланбас; ү/і: пендешілігіміз, ізгүлік-ізгілік; н/е/ә: кенәш-кенес; а/ө: шондаиоқ-сондайақ; г/г: дұрсатламәгім-дұрыстамағым; -мек тұлғасының -мек арқылы : дұрсатламәгім, кешірмәгімізні, гызатламәгім; д/т: кенд (кала), басдым, алысда, дорт, діләйміз; мөһөрім (мөрімді), һ/к: һонуз-күндіз; Бұл жазбада етістіктің жедел өткен шағы -лүг// -лүг// - дүк тұлғасы түрінде кездеседі: Йаруклуг йагуе келтүрмедім; Теңрі йарлықдуқын үчүн, қылынтуқда (Орхон-Енесей); мақболандүрдүк (Айшуақ хан), биз бардүк, биз бардұмыз (Жамиғ-ат тауарих) түркі тілдірігінде өткен шақ білдіру функциясы алдыңғы -дү, -ды формантында сақталғанда, қосымша соңындағы -г, -к, -к жалғаулары жақтық, сандық көрсеткіштері болып жекеленген (Т.Р. Қордабаев). ...тағайын қылмақлыққа әдеби нормада тағайындамаққа болып ықшамдалған. Низамына (жана жыл), ышанамыз (шағынамыз), саратан (жұлдыздың аты) Кіші жүз қазақтарының ханы Айшуақтың Ресей патшасының ішкі істер министрі В.П. Кочубейген жазған катынас хаты XIII ғасырдың жазба нұсқасының көне жадығаты болып табылады. Бұл хаттағы көне морфологиялық тұлғалар мен фонетикалық өзгерістер мен лексикалық мағыналы сөздер өз ерекшеліктерімен күнды. Мұндағы кейбір тілдік ерекшеліктер М-Ж. Көпеев шығармаларын табылып жатуы кездейсоқтық емес, ауытша да, жазбаша да тіл ережесін еркін меңгерген М-Ж. Көпеев XIX ғасырдың екінші жартысына дейін жеткен жазба тіл ережесінен де аттап кете алмасы белгілі. Сондықтан, көнеден жеткен тіл ерекшеліктері М-Ж. Көпеев шығармасынан да көрініс табуы заңдылық. Н. Жүнісов «Әдеби тілде III жақтың тәуелдік жалғауы дауысты дыбыстан соң -сы, -сі,

дауыссыздан кейін -ы, -і қосымшалары болып жалғанады» - дейді. Бұл көбіне ауыз әдебиетіне жататын көне морфологиялық қолданыстағы дәстүр және ауызекі сөйлеу әдісі арқылы жеткен құбылыс. Бір буынның артық ия кем болуы ауызекі сөйлеу ережесінің негізінде қалыптасқан заңдылық, кейіннен жазба ережесі негізінде анықталып, талдауға түсті.

Сұрақтар

1. «Турум» деген осы шактық есімшеден қысқарған деген алғашқы пікір айтқан Еуропа түркі танушысы кім?
2. -ым ескі жыл мезгілдерін білдіретін атауларды білдіретін сөздерге қосылады (күзем, жайылым, жазғытурым) сіздің ойыңыз?
3. Жазғытурым жылдың қай мезгілі? (Жазғытурым қалмайды қыстың сызы (Абай).
4. Күзгітурым айтылуын салыстырыңыз?
5. Көне түркі сөзі «турым» туралы не дейсіз?

2 М-Ж Көпеев шығармаларындағы би - шешендердің әдеби тілге ықпалы

2.1 Ескілік заңдылықтарына байланысты тілдік көріністер

М-Ж. Көпеевтің жинаған би-шешендерінің сөздерінде қазақтардың құқын заңды түрде шешетін ережелер, қағидалар, тұтас қақила сөздер көптеп кездеседі. Мысалы: «Ердің құны есебін тапқан сабазға екі-ауыз сөз деп қай заманда айтылған» -деп Ұлы жүз Үйсіннен шыққан Ошақты деген ел, орта жүзден Малай, Жөдігер деген таптан шыққан Құлназар дегенді өлтіріпті. Оның кесімін ақбура Бөрібай ақын айтты:

*Ошақты Құлназарға құн бермексің,
Алты жақсы, жүз жылқы пұл бермексің.
Алты жақсы, жүз жылқы пұл бермесең,
Тұлымды қыз, айдарлы ұл бермексің,
Құлназар келіп өлді ауылыңа,
Ішім оттай күйеді бауырыма.
Алты жақсы, жүз жылқы құн бермесең,
Есекем таңба болар сауырыңа*

Бірақ, Ошақты бұл төрелікке басында бұрмапты. Қазақта жер дауы, жесір дауы, ел дауы дегендер атадан балаға кететін әдет болып табылады. Жылдар өткен соң ескіріп кеткен дауды он төрт жастағы Едіге би құнын өтеп алыпты. Сол кесімді сөздерде мынандай келелі ойлар айтылыпты: «Әділ бидің елін дау араламайды, әділ патшаның елін жау араламайды», «Алты атасын арқалап жүрген бар ма екен», «Алмасың болса-мойным бар, асылың болса, қойыным бар», «Кім кімдікі болса, білек соныкі, ауыз кімдікі болса, сөз соныкі шыққан жерге қайтып сыймайды», «Жарлық өзіңізден болды, жабдық та өзіңізден», «Арғынеа алты ат бастатқан тоғыз жібереді, төрт атаның ұлы Төртуылға төрт түйе бастатқан тоғыз жібереді», «Жаркын» – деген күн осы болады деген ол - қолынан ұстатып жалаңаш қыз береді екен.

«Алты жақсы» - деген күн жүйрік ат, берен мылтық, жағалы киім, тай түйе күміс не алтын, түйе, тазы т.б. түрлері болуы мүмкін. Ал, «алты ат бастатқан тоғыз» не «төрт түйе бастатқан тоғыз» – деген күн айып болады. 1885 жылғы «Билер ережесінде» 57 – ші бапқа енгізілген: Тоғыз аталған айыпты малға шаққанда былай болады.

Түйе бастатқан бас тоғыз:

1 – бір түйе, 2 – құлын, 2 – бие, 2 – құнан, 2 – ат;

2 - орташа тоғызимыз – ат бастатқан тоғыз: 1 – семіз ат, 2 – тай, 2 – тайынша, 4 – төрт бойдақ қой;

3 - аякқы тоғыз: 1 – дөнен өгіз, 2 – тайынша, 3 – бойдақ қой, 3 – тоқты.

Тарихи оқиғаға байланысты тұрақты тіркестер де пайда болады, олар белгілі мақсатта астарлы ой береді. Мысалы: «Абылай аспан сары бел», «Шық бермес Шығайбай», «Алдар көсе», «Судыр Ахмет», «Қожанасыр» т.б. М-Ж. Көпеев «Бабырдікі еңбек»- деген мәтел қалыптасты дейді. Бұл сөз Едіге алған айыптарының: он тоғыздың аяқ тоғызын Төле биге, бас тоғызын үйінде жатқан Бабырға бергізіпті. Содан «Бабырдікі еңбек», «Үндемесе де Бабырдікі еңбек» – деген мәтел солай қалыптасыпты.

М-Ж. Көпеевтің жинаған – тергендерінің ішінде: Торайғыр, Шоң, Итемген, Тайкелтір, қаһарлы Жанак туралы айтқандары да бар. Бұл туралы М-Ж.Көпеевтің шөбересі ф.ғ.к. Нартай Мәшһүр – Жүсіпұлының да «Жұлдыз» № 8, 1992 жылғы жариялағандары қолда бар. Ол «М-Ж. Көпеевтің бұл жинаған би-шешендердің тілі мен кітаптағысымен онша ашақтық жоқ. Мұнда да көптеген нақыл сөздер кездеседі» - дейді. Олар да М-Ж. Көпеевтің кітабындағы жазып алғанымен бірдей: «Алтыннан шүмегі, күмістен түбегі»,

«Қатын болсаң күле – күле жүрерсің Ер болсаң, шабыннан жарылып өлерсің», «Еділ қатса кім өтпейді, Едіге өлсе, кім қайтпас дейсің», «Жанақты жерде сона бар, қыспаған көтте пәле бар», «Қардағының ізі болар, қардағының ессіз сөзі болар» т.б. *Едіге бидің тағы бір кесімінде: Ұлы Жүз үйсін Тоғас би елінің кісісі төбелесіп, содан бір әйел түсік тастапты Билігін айтқан Едіге:* Мұнда бас дейтін бас жоқ, көретұғын көз жоқ, ұстайтұғын қол жоқ, жүретұғын аяқ жоқ, кісі есебінде, адам санатында қосуға болмайды екен депті. «Даушы күр қалмайды, жаншы қор қалмайды»- деген бұл төбелеске екі тоғыз айып салу керек деп кесімін айтқан екен. Сондағысы біріншісі, түйе бастатқан тоғыз екен де, екіншісі ат бастатқан тоғыз екен. Түйе бастатқан тоғыз, ат бастатқан тоғыздың мөлшерін жоғарыда айтып өттік.

Едігенің тағы бір билігінде: «Қонақ таңдап қонады, ұры басынып ұрлайды», «Аққа мал төлемейтұғын, қараға жан бермейтұғын», «Мұның жүнін бояп сары қылған ғой, тісін еген, көрі қылған ғой» т.б. нақыл сөздер көптеп кездеседі.

М-Ж. Көпеев арғын руы туралы да, мәлімет беріп кетеді: «Қайсы бірін жаза берейін бар естігенімді жаза беруге қалған аз өмір шақ келер емес, бұл арғын ұрпағы /арғын/ болғаннан бері қарай Бұхара жұрты болып келген. Ноғаймен шатасып араласқан емес. «Өзбек болса - өз ағам, сарт болса-садағам» - деп өзбек хандарына бағынып кеше Үргеніш, Хиуа, ханы болған Әбдіғазы Баһадүл ханға жігіт- желең болып көп жүрген» – деп жазады.

М-Ж. Көпеевтің бұл жазбасында Орта ғасыр жазба әдеби тілінің үлгісінде ұшыратамыз. Мысалы: хандарына, лоғатының /Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғати ит түрік» – деген еңбегінде «лұғат» сөздік деп берілген. Жалпы көне түркі тілінде лұғат сөздік деген ұғымда жүрген. Қазіргі әдеби тілде «Ұлағатты ұстаз»-деп қолданылып жүр. Яғни тура мағынасында «Сөздікті ұстаз» болып шығады – Автор/ сол секілді әдеби тілдегі «ақпарат», ассимициялаған сөз /алфавит-алпабытынан/ шебердің синонимі майталман сөздері де кездеседі. М-Ж. Көпеев жинаған ауыз әдебиетінде мақал-мәтелдерге айналып кеткен билердің сөзі төрелік айтуда, екі адамның бірінші аузында нақты-дәл сөйленеді. Бұл кейіпкерлердің сөзі кейде афоризмдер болып келеді. Мысалы: Едігенің:.. «Тұлпардың тұяғы, Тасқа салса кетіледі, Суға байласа жетіледі» немесе әдемі символдық мәні бар сөздер де кездеседі. «Ақ сұңқар әуелеп аспанға ұшты, Алтын қонырау үзіліп жерге түсті» т. б.

Жәңгір ханның аузындағы сөз: «Айтқан аузыңнан айналайын, сені көтеріп тапқан қатыннан айналайын», «Өшкенін өнсін, олгенін

тірілсін», «Өшкен өнбек емес, өлген тірілген емес», «Өшкенім өнді, өлгенім тірілді» дегенді көңілге қонған, осындай орында тұрған сөзді айтады- деген екен. Немесе «Ішкенге мас, жегенге тоқ», «Көп басы қосылған дуда жақсының күйі түседі, жаманның сыйы түседі», «Тоқтамыстың басын кеспей, көзін теспей», «Ат айналып қазығын, диірмен айналып шүмегін табар» т.б. Атақты ақын С.Торайғыров атасы Шоң бидің де сөзі өте жақсы жазылып алынып, хатқа түскен. Шоң бидің де билігінде нақыл сөздер мен макал-мәтелдер жиі ұшырасады. «Мұнда әруақтың соңы болған, Айдаболдың Шоны болған», «Көп қонақ аттандырады, көмек деген жау қашырады», «Шоңның алды жарық, арты қараңғы», «Шоң биден шешен болдым бата алған соң» т.б.

Би-шешендердің сөздерінде ауыз әдебиетінен де ауыс-күйіс көптеп кездеседі. Тіпті, ақын-жыраулардың айтқандарынан да ара-тұра ұшырасып қалады. Бұл дегеніміз би-шешендердің де сөздері ауызына біздерге жеткен. Мысалы: «Алдына келе алмасаң, кара ала ат саған серт, пәлен жерден айдаспасам маған серт», «Ай десе аузы, күн десе көзі бар» т.б. М-Ж. Көпеевтің жазып алғанында ханның қатыны бір қыз туып кемпір ешкімге көрсетпей асырап, күндердің күнінде әлгі қыз жарық дүниені көріп есі-дерті кетіп бақып жүкті болып қалады. Күн жарығынан жүкті болу, күн жарығының арасынан қызды көріп гапшық болу көне түрік әдебиеті үшін таңсық дүние емес. «Оғыз қаған» әңгімесін еске түсірсек те жеткілікті. *Оғыз қаған тәңірге жалбарынып отырғанда көкпен жарық келіп, оның ішінен бір қызды көріп Оғыз қаған гапшық болып, кейіннен сол қыз жүкті болып, үш ер бала көтереді.* Сондықтан да басқа елден келген қонақтардан жүкті болып қалу, бүгінгі күннің ғана күпиясы емес, көне заманның да күпиясы екен. Демек, бұл оқиға да М-Ж. Көпеевтің қаламынан тыс қалмаған. Испанияның корридосы (мотодор) ұлттық ойыны түркі дүниесінен ауысты ма деген ой келеді. Себебі: «Дерсе хан ұлы Бұқашхан туралы жырда» *Дерсе ханның ұлы Оғланның арнайы үйретілген бұқамен алысатын жері бар: «Бұқа мен бала бір-біріне өліспей берісер болмады»-деп жазды. «Орхан-Енисей» ескерткіштерінде: Тоғылада сиыр көлікті оғуздар кездесті деп жырлады.* Демек, мүйізді ірі қаралар да түрік жұртына таңсық еместігі көрінеді.

Қорыта келгенде, М-Ж. Көпеев тек қана би-шешендердің сөздерін ғана жазып алмаған. Өзі де көрген білгенін, оймен тоқып, Абай Құнанбаев сияқты қарасөзге айналдырып, даналық сөз айтып отырған. Мысалы: «Қан бұзылса, кісі бұзылады», «Шайтан деген нәрсе өзінің ойың», «Бір адам турашыл болса, хақ сөйлеуші болса,

оның жанына сұқтанып, қас қылушы даяр тұрады», «Тура сөз иелері өз ұлтында тұрып күн кешіре алмайды», «Тіл бір болаттан жасалған өткір қанжар», «Жігіт адамның қырағылығы бүркіттей болсын», «Зеректігі байғұстай болсын», «Жақсы кісіге, киімі әдемі кісіге ит үрмейді» т.б.

Сұрақтар

1. «Ескіліктер» терминін ең бірінші қолданған ғалым кім?
2. Этномәдени лексиканың ұлттық әдеби тілге ықпалы бар ма?
3. Би – шешендердің тілі ауыз әдеби тілдің тасушысы (носитель языка) бола ма?
4. Ауыз әдебиетінің тілі де әдеби тіл деген пікір кімдікі?
5. Ауызекі сөйлеу тілі мен ауыз әдебиеті тілінің айырмашылығы қандай?

2.2 М-Ж. Көпеев шығармаларындағы шешендік дәстүрдің тілдік көріністері

М-Ж. Көпеев ауыз әдебиетінің үлгілерін жинағанда би-шешендердің сөздеріне қатты мән берген. М-Ж. Көпеев «Сөз жүгінің самалы хазірет жәбірәйіл ғалайсалам болды» - деп бекерге айтпаған болар.

Сондықтан да сөздің күдіретіне назар аударып күллі ауыз әдебиетінің інжу-маржандарын жинап, келер ұрпаққа аманат етіп тастап кеткені «Қара сөз көңілдің бау-бақшасында үлгілден тұрады» - дейді ақын. Би-шешендерді айта отырып М-Ж. Көпеевтің өзі де сол би - шешендерден бір кем емес. Айтып, жазып алғандарының бәрі де іздесе таптырмайтын бір ғибрат. Бұл турасында сәл кейінірек оралармыз.

Асылы, М-Ж. Көпеев ауыз әдебиетінің үлгілерін жинағанда «Тұрмыс-салт жырларына» аса көп көңіл бөлген. Сол арқылы би - шешендердің сөздеріне тоқталып, өзіндік талдау жасап отырған. Тұрмыс - салт жырларында да жастарға өнеге боларлық дүние мольнан кездеседі. Ақын - жыраулардың айтқан өсиеттері, би - шешендердің сөздерінде де табылып жатады. Кей уақытта ақындардың жырларында үксас тіркестердің ауыс - күйісі болып қалады, оның себебін бұл жадығаттардың барлығының ауызекі естімелі жадылық арқылы келгендігінен деп есептеу керек-ті. Ел ішіндегі күймакүлак даналар ауыз әдебиетінің не бір үлгілерін ұрпақтан-ұрпаққа сақтап, жоғалтпай жеткізуге мұрындық болды. Би-

шешендер тек қана сөз айтып, билік кесушісі емес, ауыз әдеби тілін жеткізуші, сол тілді тасушы тасымал құралдың да орнында жүрді.

Би - шешендер әуелінде бірнешеу болғанымен келе-келе даралық сипатқа ие болды. Бір рудың не бір елдің ішіндегі билер, не шешендер олар аузы дуалы ақындар да болуы мүмкін, сол рудың не елдің ішіндегі атағы зор, сөзі дуалы, ақылы мол адамға тоқтап билікті соған беріп, ел ішіндегі ұсақ-түйек телі-тентектердің шаруаларын өздері-ақ тындырып тастап отырған. Бұның жарқын көрінісі үш жүздің үш биі бола алады. Олар өздері тұстас билерден ой өресімен дараланып, мемлекеттік тұрғыдағы мәселелерді шеше алған.

М - Ж. Көпеев билер туралы сөз қозғағанда, әп пісімілләсін Майқы биден бастайды. Майқы бидің тоғыз ханды қолынан таққа отырғызғанын «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» - деген мақалдың тегін айтылмағандығын тіліне тиек қылады. Майқы бидің билігін сөз етеді: *Баяғыда Арыстан деген ханның баласы болмай, Қызылаяқ деген жерден тоқал алып одан сауысқандай ала бір бала туған екен. Арыстанның бәйбішесі күншілдік қылып мынау өзі ала екен өскенде еліңді бүлдіріп ала қылып /араз қылып/ жібереді екеуін де қу деп әмір береді. Биыл екеуі Сырдың суынан өтіп, Алатау, Қаратау алабына күн көріспей безіп кетеді. Бала ер жетіп, күндердің күнін де Майқы бидің баласы Үсенге жолығады. Биыл баланы исі қазақ хан көтеріп атын «Алашахан» қояды. Қызыларыстан баласының даңқын естіп кісі салып қайта-қайта сайрап қоймайды. Майқы би өткір сөзімен жіберген елшілерін қоныс беріп, алып қала береді. Сөйтіп: Ұлы жүз Үйсін, Орта жүз «Ақжол», Кіші жүз «Алиын» осылай пайда болған екен деседі.*

М-Ж. Көпеев «Майқы би» билігінде: Қырық сан Қырым, отыз сан Рұм, он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғауыт, қырық сан қара Қалмақ, Қатсыбан, он сан Ноғай, сияқты үш жүзге қазақ біріккенге дейінгі елдермен соғысып, жер үшін таласып өткен жауларын суреттейді. Бұлардың аттарын оқырман «Алпамыс», «Кобыланды» т.б. жырлардан білетін болар. Демек, есте жоқ заман тарихынан елес береді. Жер-су аттары толығымен аталып жақсы мәлімет береді. Сырдария, Алатау, Каратау, Шу, Сарысу, Ұлытау, Кішітау, Қаракентір, Сарыкентір, Айдахарлы, Құдайберді т.б. Бұрынғы өткен билер: Орманбет би, Құндыкер, Құбан, Қотан, Қоғам т.б. мұның ішіндегі (Құнды Кер Кабан) «Қозы-көрпеш, Баян-сұлу» жырында ұшырасады. Тілдің мәйегі, сөз шұрайы да кездеседі: «Ала қылып, ала тайдай бүлдіреді», «Тобылғыдан жақ қылып, «Жүзгеннен оқ қылып», «Құралайдың көзінен өткізетін мерген» /фразеологизм/ «Ай десе ауызы, күн десе көзі бар», «Құс бегі тіккен томағадай

құнысып тұрған бала», «Сәтті туған ұл екенсің, жеріңе жетпей тұр екенсің», «Төрткүл ошақ қаздырып, төбел бие сойдырып, төменгі елді жидырып, жорға бие сойдырып, жоғарғы елді жидырып, ала бие сойдырып», «Мына баланы жебе қылып бастарыңа ұстаңдар, шоп қылып беттеріңе ұстаңдар, ту қылып төбелеріңе көтеріңдер», «Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен», «Күндердің күнінде бала хан болады, сендер қараша боласыңдар», «Хан әділ болса басынан бағы таймайды, қарашасы табанды болса, қара жерден кеме жүреді», «Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда, үйіміз ағаш, ұранымыз Алаш болғанда үш жүздің баласы қазақ емес пе едік». Бұл мәтелдің ішіндегі мән беретін «үйіміз ағаш» болғанда деген сөз. Демек, түріктер киіз үйге дейін «Алтай өлкесінде» тұрғанда, қалың ағаштан әлемде бірінші болып «ағаш үй» салып, қоныс қылған. Бұл туралы М.Аджидің «Қыпшақтар» - деген кітабында жақсы айтқан.

Бабыр деген кісінің атына байланысты айтыла келе, кейіннен ел ішінде: «Бабырдікі еңбек», «Үндемесе де Бабырдікі еңбек» - деген тіркес мәтелге айналып кеткен. Бұл мәтелдің алғаш шығуы былай болған екен. *Едіге би бір билікте он тоғыздың аяқ тоғазын Төле биге бергізіп, бас тоғызды үйде жатқан Бабырдың босағасына байлатыпты, сойтсе, Бабырдың інісі Құлпияз дауға Едігемен бірге барып, бірге қайтқан екен.* Осы әңгімеден кейін-ақ манағы сөз туған екен дейді.

М-Ж. Көпеевтің билердің ішіндегі көңіл бөліп, тоқтағаны Бөлтірік би. Бөлтірік бидің қырғыздармен айтысын, оның жеңісін жан-жақты суреттейді. Мысалы, Бөлтірік би қырғыздарды кекетіп «Қырғыз шіркіннің байлығы гоі көшкен сайын ошақтарын жұртына қалдырып жүре береді екен» - депті. Ол - қырғыздардың тастан ошақ жасағанын, соны жұртқа қалдырып отыратынын меңзегендік екен.

Бір жиында қазақ пен қырғыз қайсымыз көпшіз деп көптігін салыстырыпты. Сонда бір қырғыз: «Жұлдыз көп пе, қырғыз көп пе» - деген мақал бар депті.

Сонда Бөлтірік би: «Рас, мендей кара бұлт шықса, жұлдыз енесінің артына кіріп кетеді, он қазақ басы қосылса қырғыз енесінің артына кіріп кетеді» - деген екен.

Қырғыздың баласы өліп, Бөлтірік бастаған байлар көңіл айта барады. Бір саба қымыз, ту бие апарамыз. Сонда сен үшеуің бірін: «Жазғытұрымғы уақ қой бір сабаны елден жинап әрең толтырдым» - де, екіншің: «Түйе шіркін мен төре шіркін басы бір қисайса иілмейді» - де, үшіншің: «Төре өлмегенмен көп бала ма, бірі қалса да тек бола ма?» - деңдер деп үйретіп қойған екен. Бара салып жаңағы үшеуі жаттап алған сөздерін айтқан екен, қырғыздың ханы жарылып кете

жаздап, төсегіне аунай кеткен екен. Мұны көрген Бөлтірік би: «Аққу құсқа оқ тисе, қанатын суга тигізбес, ақ сүйекке оқ тисе, қарашыға сырын білдірмес» көтер хан басыңды деген ғой. Налып жатқан хан басын көтеріп, мына иттерді былшылдатып қойған сен екенсің ғой деген екен.

Бөлтірік би, қырғыздың манабы бір жиында былай деген: «Аттың жаманы соқпақшыл, адам жаманы тақпақшыл». Бөлтірік би жұлып алғандай: «Сөздің көркі мақал, адам көркі сақал, сақалы жоқ көселер қасабалы тоқалды», бұдан да әрі бастырмалатып «Көсені үйге кіргізбе, құйрығын жерге тигізбе», «Кесірі жүғар көсенің, көпірді қуалап жүріп көтенің жерге сүйгізбе?»- деген сөзбен үтқан екен.

Едіге би де келелі дауға түсіп, кезінде билік айтып, аты шыққан аузы дуалы адам болған екен. М-Ж. Көпеев те Едіге бидің бір билігін тіліне тиек қылған екен. Ұлы жүз үйсінде арғынның бір кісісі Құлназар дегенді өлтіріп алған екен. Жылдар өтіп, ұмытыла бастағанда он төрт жастағы Едіге Құлназардың құнын даулай барған екен. «Әділ бидің елін дау араламайды, әділ патшаның елін жау араламайды» өзара әңгімелісіп отыра беріпті. Бір уақытта, ұзын бойлы бір адам: «Алты атасын арқалап жүрген бар ма, жеті атасын желкелеп жүрген бар ма? Алмасың болса-мойным бар, асылың болса қойным бар» - деген екен. Сұраса келгенде ол - Үйсін Төле би екен. Сонда Едіге: «Қиіз кімдікі болса, білек соныкі, ауыз кімдікі болса сөз соныкі» шыққан жеріне қайтып сыймайды. Жарлық өзіңізден болды, жабдық-та сізден- деп айтып салған. Едіге, Төле би екендігін білген соң, Ертеңінде таң атысымен алты атаның ұлына Арғынға алты ат бастатқан тоғыз жібереді, төрт атаның ұлына Төртуылға төрт түйе бастатқан тоғыз жібереді, тіпті қолынан ұстатып жаланап қыз береді оны «Жарқын» - деген құн деп атайды. «Ер құны, есебін тапқан сабаға екі-ақ ауыз сөз» - деп жұрт әңгіме қылыпты. Едіге: он тоғыздың аяқ тоғзын Төле бидің босағасына тастатқызып, бас тоғызды үйде жатқан Бабырдікіне бергізіпті. Сөйтсе, бұл дауға Бабырдың інісі Құлнияз бірге барып, бірге қайтқан екен дейді.

Едіге би жақсы далбада демалып жатқанда он жолаушы келіп аттан түсіпті. Сөйтсе, Ұлы жүз үйсін тоғас би елінің кісілеріміз депті. Өз елінің бір қатыны түсік тастап, оған себепші болған ағайын арасындағы төбелес екен. Тоғас би: бірің оң көзімсің, бірің сол көзімсің мен қанша түзу айттым дегенмен жығылған жағың өкпелі боларсың, сондықтан билікке Арғын Манас биге барыңдар депті. Бекболат: Үш жүзге төрелік айтқан Төле биге барыңдар депті. Төле би мен жалғыз сөзіне риза болған тоғыз байлаған Едіге биге барыңдар деген соң келіп отырмыз билігін айтыңыз депті. Едіге, бала қайда

десе, қанжығаларына құрым киізге тігіп алыпты. Едіге тігіп тастаған құрым киізді сөктіріп көрсе, қол аяғы жоқ, он екі мүшесі бітпеген сурет болып айқындалмаған бір кесек ет екен дейді. Едіге бас дейтін бас жоқ, көретұғын көз жоқ, ұстайтын қол жоқ, жүретұғын аяқ жоқ. Бұған күн бұйырмайды. Бірақ, «Даушы құр қалмайды»- деген бұл төбелестің салдары, сондықтан төбелескендерге екі тоғыз айып саламын. Қатынды ұрғандар түйе бастаған тоғыз, қатынға болысқан жағың ат бастаған тоғыз айып төлейсіңдер. Түйе бастаған тоғызды тоғаз билің босағасына байлайсыңдар. Бекболат екеуімізге бітіріп қайтқан бітімнің өзі олжа депті. Мұны естіген Бекболат, Манас, Тоғас бәрі бек риза болыпты.

Едіге батырдың ата-тегін М.Тынышбаев өзінің «Қазақ халқының тарихы»-деген кітабында жан-жақты сипаттап жазды. Алшағыр, Келмұхамет, Орақ батыр, Орманбет, Естерек, Ақ Мұрза, Бек Мұрза т.б. Едіге батырдың ұрпақтары болып келеді.

М-Ж. Көпеев Едігенің Жәңгір ханның жалғыз ұлы қайтыс болғанда көңіл айтқанын, қара өлеңмен айтылған кейінде бір сөзін қалтырмай жазып алған екен. Мысалы, мынандай нақыл: *«Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, Қияғы бүтін сұңқар жоқ», «Тұлпардың тұяғы тасқа салса кетіледі, Суга салса жетіледі», «Ақ сұңқар әуелеп аспанға ұшты, Алтын қоңырау үзіліп жерге түсті, Хан саған құдайдың жабдығы түсті»* яғни қарама-қарсы екі құбылысты қатар көрсету кездеседі.

Қорыта келгенде, М-Ж. Көпеевтің би-шешендер туралы жазып алғаны тек қана бұл емес. Мұрағат құжаттарында өте көп кездеседі. Жалпы, М-Ж. Көпеев би-шешендердің өздерімен де араласқан. Солардан мол тәлім алғандығы оның шығармаларындағы өсиеттерінен байқалып отырады. М-Ж. Көпеев шығармашылығын зерттеген сайын ол жана қырынан ашыла береді.

М-Ж. Көпеевтің би-шешендер туралы жазғандары әлі толық зерттелмеді. Олай болса, келешекте келер ұрпаққа М-Ж. Көпеевтің өнеге болар мұрасын паш ету исі қазақтың басты міндеті болмақшы.

Ескерту: Мәмет келіні Әминаның «Қазақ билерінің шешендік сөздері және оның әдебиеттегі орны» Бұл еңбегі 1948 жылы М.О.Әуезовтің басшылығымен шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы» /1 том. Фольклор/ кітабының жетінші бөліміне кіріп «Шешендік сөздер» деп аталды. Сондықтан да алғашқы «Би-шешендерді» зерттеуші де Әмина Мәметова екендігін естен шығармауымыз керек. **Мәмет келіні Әмина*** Ұлы Отан соғысының қаһарманы, Шығыс қыздарының арасынан тұңғыш шыққан Кеңестер Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың анасы. Мәншүк Мәметованың анасы Әмина

Сүлейменқызы Мәметова кезінде Н.Г. Чернышевский атындағы Саратов мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Ғылыми атағы профессорлыққа дейін жоғарылаған. Мәңшүктің әкесі Ахмет жоғарғы білімді дәрігер. Тамаша журналист, акын 20 жылдары Семейде облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болған адам. Әмина Мәметованың 1927 жылы «Қызыл Қазақстан» журналында «Көркем әдебиет туралы» мақаласы басылып, Ахмет Байтұрсынұовты ақтай сөйлеген тұңғыш қазақ әйелі.

Сұрақтар

1. Би – шешендерді ең алғаш зерттеген ғалым кім?
2. Шешендік сөздердің тілі әдеби тілге де әсері бар деп дәлелдеген ғалым?
3. Тұрақты тіркестердің әдеби тілге әсері, құрамдас бөлігі болып табыла ма?
4. Әдеби тілдің тасушысы болып табылатын формалардың түрлері қандай? Мысалы: мақал – мәтел, жұмбақтар т.б.
5. М-Ж. Көпеевтің әдеби тілдің дамуына әсері бар ма?

2.3 «Қазақ әдеби тілінің тарихы»

«Қазақ әдеби тілінің тарихына» Қосымша сұрақтар

1. Тарихи грамматиканың мақсаты мен міндеттері (Тілдің тарихын зерттеудің көздері)
2. Қазақ тілі тарихын зерттеудің әдістері
3. Қазақ тілі тарихын кезеңдерге бөлу туралы
4. Қазақ тілінің түркі тілдері жүйесіндегі орны
5. Тарихи фонетика туралы түсінік
6. Қазақ тілі фонетикалық жүйесінің негізгі ерекшеліктері
7. Дауысты дыбыстар жүйесі
8. Жеке дауыстылардың дамуы
9. Дауыссыз дыбыстар жүйесі
10. Сөз басындағы дауыссыздар
11. Дауыссыз дыбыстар жүйесіндегі тарихи өзгерістер
12. Жеке дауыссыз дыбыстар тарихы
13. Қазақ сөзінің басы мен аяғындағы өзгешеліктер
14. Фузиялық өзгешеліктер
15. Екпін. Сингармонизм
16. Буын.

17. Тарихи морфология
18. Түбірлердің синкеретизмі
19. Түбір сөз дамуының іздері
20. Есім сөз таптарының дамуы
21. Зат есім
22. Септеу категориясы және септік жалғаулары, ерекшеліктері
23. Жеке септіктер тарихы
24. Зат есім жасаудағы тұлғалық, функциялық өзгерістер
25. Сын есім
26. Шырай формалары
27. Сан есім
28. Есімдіктер
29. Етістік категорияларының дамуы
30. Етістіктің функциялық тұлғалары
31. Етістіктің райлары
32. Шак категориясы
33. Салт, сабақты етістіктер және етіс категориясы
34. Орал – Алтай тілдері (Ғ. Мұсабаев)
35. Түркі – монғол тілдері (Ғ. Мұсабаев)
36. Түркі – монғол тілдеріне ортақ фонетикалық заңдылықтар (Ғ. Мұсабаев)
37. Түркі – монғол тілдерінің тарихи грамматикасы (Ғ. Мұсабаев)
38. Тарихи фонетика (Ғ. Мұсабаев)
39. Д – тіл, Й – тіл және Ж – тілдердің тарихи грамматикасы (Ғ. Мұсабаев)
40. Хун (хунну, кунну, күн) тілдерінің тарихи грамматикасы (Ғ. Мұсабаев)
41. Хундардан қалған жалғыз сөйлем тарихы (Ғ. Мұсабаев)
42. «Үйсін» этнопонимінің тарихы (Ғ. Мұсабаев)
43. Қанылы – қыпшақтар (Қанылы тілі) (Ғ. Мұсабаев)
44. Түркі. Қараханиттер тарихы туралы мәлімет (Ғ. Мұсабаев)
45. Тарихи фонетика туралы. Көне Ұйғыр. Көне Араб алфавиті (Талас әліпбиі желісінде) (Ғ. Мұсабаев)
46. Й дыбысы тарихы (Ғ. Мұсабаев)
47. Ж, Ч дыбыстарының тарихы (Ғ. Мұсабаев)
48. Б – П тарихынан (Ғ. Мұсабаев)
49. ДЗ, ДЖ аффрикатынан (Ғ. Мұсабаев)
50. Үндестік заңы тарихынан (с дыбысы мен ш дыбысының алмасуы) (Ғ. Мұсабаев)
51. Дыбыс алмасуы. Дыбыстың түсуі (Ғ. Мұсабаев)

52. Тарихи морфология туралы (Ғ. Мұсабаев)
53. Зат есім (Ғ. Мұсабаев)
54. Сын есім (Ғ. Мұсабаев)
55. Сан есім (Ғ. Мұсабаев)
56. Есімдіктер (Ғ. Мұсабаев)
57. Етістік (Ғ. Мұсабаев)
58. Етістік түбірлі туынды сөздер жасайтын –қы, -ғы, -кі, -гі аффиксінің тарихи қалыптасу іздері (А. Ибатов)
59. Қазақ тілінің тарихы (Қ. Жұбанов)
60. Одағайдың тарихы (Қ. Жұбанов)
61. -Лық, -лік аффикстерінің екі функциялығы (Қ. Шаяхметов)
62. Көсемше туралы; Көсемшенің қызметі (Н. Сауранбаев латынша жазылған семинар сабақ)
63. «Ды, ді» қосымшасының шығу төркіні (Т. Қордабаев)
64. Шылаулардың қалыптасу тарихы және зерттелуі (Молғажаров)
65. Септеуліктер (Молғажаров Қ)
66. Демеуліктер (Молғажаров Қ)
67. Жалғаулықтар (Молғажаров Қ)
68. Синтаксис тарихы (Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Т. Қордабаев).
69. Синтаксистің совет дәуіріндегі дамуы (Т. Қордабаев);
70. Мақал – мәтел синтаксисі (Т. Қордабаев)
71. Сөйлемнің окшау бөліктері, олардың негізгі ерекшеліктері (М. Томанов).
72. Қаратпа сөздің табиғаты, қаратпалардың синтаксистік құрылымы (М. Томанов).
73. Кейбір грамматикалық тұлғалардың халық поэзиясындағы қолданыс ерекшеліктері (Е. Жұбанов)
74. Орта түркі жазба мұраларының грамматикалық сипаты (ҚӘТТК - Қаз. әд. тіл. тарих. көз)
75. Көне қазақ тіліндегі іс – қағаздарының грамматикалық ерекшеліктері (ҚӘТТК)

**2.3 «Қазақ әдеби тілінің тарихынан» тестік тапсырмалар
I - нұсқа**

1. Әдеби тілдің стилдік тарамдауына негіз болар принциптер

- А) Түр принципі.
- В) Жанр принципі.
- Г) Сөз принципі
- Д) Жазу принципі.
- Ж) Сөйлеу принципі

2. Ауызша көркем сөйлеу стилін ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таратып келген қайсысы

- А) Аңыз өңгімелер.
- В) Ертегілер.
- Г) Шежірелер.
- Д) Жұмбақтар.
- Ж) Мақал-мәтелдер

3. Стиль қандай тілге тән құбылыс болып есептеледі

- А) Жеке тілге ғана
- В) Түркі тілдеріне
- Г) Славян тілдеріне
- Д) Еш тілге тән емес
- Ж) Барлық тілдерге

4. «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» газеттері қандай стильдің түріне жататынын көрсетіңіз

- А) Ауыз әдебиеті стилі
- В) Көркем әдебиет стилі
- Г) Ресми қағаздар стилі
- Д) Қоғамдық-публицистикалық стиль
- Ж) Іскерлік стиль.

5. XIX ғасырдың 2-жартысында пайда болған жартылай ғылыми стильдің қосылған жаңалықтары

- А) Кәсіби сөздер.
- В) Неологизмдер.
- Г) Терминдер.
- Д) Диалектілер.
- Ж) Афоризмдер

6. «Кодекс Куманикус» ескерткіші тіліндегі «айтмақ» сөзінің қазіргі мағынасы

- А) Айтпақ
- В) Актық
- Г) Хабар
- Д) Айтылмақ
- Ж) Хабарлау

7. Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» еңбегін қазақшаға аударған

- А) Ы.Смайылов, Ә. Құрышжанов
- В) Ә.Құрышжанов, Б. Сағындықов
- Г) Н.Келімбетов, Ә.Дербісәлиев
- Д) Р.Сыдықова, Б.Сағындықов
- Ж) Б. Сағындықов., Ә.Құрысжанов

8. «Ақиқат сыйындағы» «мехнат» сөзінің тәржімәсі

- А) Азап
- В) Микнат
- Г) Рахат
- Д) Қорлық
- Ж) Жамандық

9. Қорқыт Ата мазары қай жерде

- А) Алматы
- В) Жаркент
- Г) Қызылорда
- Д) Жезқазған
- Ж) Жамбыл

10. «Қорқыт ата кітабындағы» Дерсе ханның баласының аты

- А) Байындүр
- В) Сүлеймен
- Г) Қазан бек
- Д) Ораз
- Ж) Бұқаш

11. Орхон-Енисей ескерткіштерін қай ғасырдан бастап зерттеле бастады

- А) 16 ғ.
- В) 13ғ.
- Г) 17ғ.
- Д) 15 ғ.
- Ж) 18 ғ

12. Күлтегін жазбасындағы «білге» сөзі қандай мағына білдіреді

- А) Хан
- В) Ақылды, данышпан
- Г) Жақсы, жайсаң
- Д) Әскербасы
- Ж) Зұлым, қанішер

13. Күлтегін жырында «шад» деп кімдерді айтады

- А)Туған-туыстарын
- В) Мұрагерлерді
- Г) Әйелдерді
- Д) Ақсүйектерді
- Ж) Балаларын

14. «Құдатту біліктің» авторы

- А) Ахмед Яссауи
- В) Махмұд Қашқари
- Г) Ахмет Иүгінеки
- Д) Жүсіп Баласұғын
- Ж) Сүлеймен Бақырғани

15. «Құдатту біліктегі» «овут» сөзінің тәржімесі

- А) Ақыл
- В) Ұят
- Г) Ауқат
- Д) Ат
- Ж) Дәулет

16. Ақыл мен білімнің тілмәші

- А) Ой
- В) Тіл
- Г) Сана

- Д) Ұят
- Ж) Қабырған

17. Хорезмидің «Махаббатнамасын» алғаш зерттеген

- А) Қасымов
- В) Сағындықов
- Г) Самойлович
- Д) Кенжебаев
- Ж) Егеубаев

18. Махаббатнама қай тілде жазылған

- А) Қыпшақ
- В) Ноғай
- Г) Түрік
- Д) Қазақ
- Ж) Шағатай

19. «Азға қанағат етпесен, көптен күр қаласын», - деген нақыл сөз Ы.Алтынсариннің қай шығармасынан алынған

- А) Асыл шөп
- В) Өзен
- Г) Әке мен бала
- Д) Таза бұлақ
- Ж) Атымтай Жомарт

20. Абай адамның бойында қандай қасиет бар деген еді

- А) махаббат, сүйген жүрек, әділет
- В) ыстық қайрат, сезім, жастық
- Г) қуат, сезім, ақыл
- Д) ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы сөз
- Ж) ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек

21. Асан қайғының бұл өлеңі қай жанрға жатады

- Көлде жүрген қоңыр қаз,
Қыр қадірін не білсін!
Қырда жүрген дуадақ
Су қадірін кім білсін!
Ауылдағы жамандар
Сөз қадірін кім білсін
- А) Дидактикалық толғау
 - В) Арнау толғау

- Г) Портрет өлең
- Д) Афоризм
- Ж) Терме

22. Сейф Сарандын «Гүлстаны» қалай аударылады

- А) Гүл сыры
- В) Гүл таңы
- Г) Гүл бағы
- Д) Гүл шаһар
- Ж) Абат бағы

23. Қадырғали Жалайырдың «Жами-ат тауарих» еңбегін зерттеген ғалым

- А) Ильминский
- В) Уәлиханов
- Г) Жирмунский
- Д) Алтынсарин
- Ж) Сыздыкова

24. Құтыптың «Хүсрау-Шырын» еңбегінде «арыстан» сөзі қалай берілген

- А) Арслан
- В) Арустан
- Г) Арсулан
- Д) Арыстан
- Ж) Арлан

25. Ахмет Яссауи «Хикметінде» іші сөзінің дұрыс жазылуы

- А) Ічи
- В) Иші
- Г) Ич-у
- Д) Иш-у
- Ж) Іші

2 - нұсқа

1. Қазақтың ұлттық жазба әдеби тілі функционалдық стильдерге қай кездері тарамдала бастады

- А) 19 ғ. II жартысында
- В) 20 ғ. бас кезі
- Г) 18 ғ. аяқ кезі
- Д) 19 ғ. I жартысы
- Ж) 18 ғ. басы

2. Өткен ғасырда публицистика қай графикамен жазылды

- А) Түркі графикасы
- В) Араб графикасы
- Г) Орыс графикасы
- Д) Парсы графикасы
- Ж) Аралас графика

3. Орхон-Енисей жазбаларындағы «үша бара» тіркесі қандай сөзбен мағыналас

- А) Бірге алып кетті
- В) Дүниеден қайтты
- Г) Жүтіріп, ізіне еріп кетті
- Д) Ұшып барады
- Ж) Ілесіп кетті

4. «Бір артық жол» деген жол тіркес қандай мағынаны білдіреді

- А) Аттың жалындай
- В) Ат шаптырым жер
- Г) Ат аркасы қиянда
- Д) Асығыс жол
- Ж) Ит өлген жер

5. Орхон-Енисей ескерткішін «поэзия, ерлік жыры» деп алғаш бағалаған адам

- А) Әуезов
- В) Кенжебаев
- Г) Келімбетов
- Д) Сыздыкова
- Ж) Мұқанов

6. «Күлтегіш» қай ғасырда жазылған

- А) 8 ғ.
- В) 3 ғ.
- Г) 7 ғ.
- Д) 5 ғ.
- Ж) 4 ғ.

7. Қазақ әдеби тілінің тарихы неше дәуірден тұрады

- А) үш дәуір
- В) бес дәуір
- Г) төрт дәуір
- Д) екі дәуір
- Ж) алты дәуір

8. Халықтың әдеби тілінің қалыптасып, дамуы немен тығыз байланысты

- А) халықпен
- В) әлеуметтік өмірмен
- Г) халықтық әлеуметтік тарихымен
- Д) жазудың дамуымен
- Ж) сауатымен

9. Сүлеймен Бақырғани еңбегіндегі «бантардың бабы» деген сөз тіркесінің мағынасы

- А) әскербасы
- В) қажы
- Г) отбасы
- Д) дінбасы
- Ж) тайпабасы

10. Сайф Сараидың «Гүлстан» кітабы қандай тәсілмен жазылған

- А) Аударма тәсілмен
- В) Синхрондық тәсілмен
- Г) Шеберлік жарысы әдісімен
- Д) Шығыс шайырларының үлгісімен
- Ж) Дүстүрлі тәсілмен

11. Жүсіп Баласұғынның «Құтты білік» поэмасын казак тіліне тұңғыш аударған

- А) Сағындықов
- В) Егеубаев
- Г) Сүйіншәлиев
- Д) Келімбетов
- Ж) Қоңыратбаев

12. «Көңіл» сөзінің жырдағы дұрыс жазылуы

- А) көнүл
- В) күніл
- Г) көнүл
- Д) көнөл
- Ж) көңіл

13. «Білім» сөзінің жырдағы дұрыс жазылуы

- А) бишим
- В) билім
- Г) билиг
- Д) билгә
- Ж) білген

14. Хорезмидің «Махаббатнамасындағы» «стәрса» қай діндегі адам

- А) мұсылман
- В) христиан
- Г) католик
- Д) буддист
- Ж) жөйт

15. Ахмет Яссауидің «Хикметіндегі» «ықылас» сөзінің дұрыс жазылуы

- А) ықылас
- В) ихлас
- Г) ихлос
- Д) ыклиас
- Ж) ыкыләс

16. Күтіптың «Хусрау-Шырын» дастанында «бәрі» сөзі қалай аталады

- А) бары
- В) барча
- Г) буры
- Д) барыч
- Ж) барша

17. Дастандағы «көңілі қорқар» тіркесі қазақ тілінде қандай сөзге келеді

- А) қорқак
- В) жүрексінер
- Г) батыр
- Д) қоян жүрек
- Ж) жүрегінің түгі бар

18. «Әдеби тілдің тарихы жазба ескерткіштердің тарихы» деп кім баға берді

- А) Виноградов
- В) Сыздықова
- Г) Левин
- Д) Будагов
- Ж) Горшков

19. «Кодексе Куманикус» ескерткішіндегі «ексею» сөзінің тәржімәсі

- А) ексек
- В) игілік
- Г) кемшілік
- Д) қиындық
- Ж) тәлім

20. Шалқияздың бұл өлеңіндегі «аға жігіт» қандай мағынаны білдіреді

Батыр жігіт жау бастар,
Аға жігіт қол бастар...

- А) жас
- В) ересек
- Г) көрі
- Д) бозбала
- Ж) орта жастағы

21. Аяғым мен табағымды, отқа жағар дарағым...
Күдеріқожаның бұл өлеңінде «дарақ» сөзінің мағынасы

- А) шыбық
- В) тезек
- Г) ағаш
- Д) шөп
- Ж) жалғыз ағаш

22. Шортанбайдың «Аз тарайтын десең кінә, Сахарменен түрғанын...» деген өлең шумағының «сахар» сөзінің тәржімәсі

- А) ерте
- В) түс ауа
- Г) намаз
- Д) күн
- Ж) таң атқанда

23. «Қорқыт ата кітабындағы» «кадунум» сөзінің жалпы мағынасы

- А) патша
- В) қаған
- Г) хан
- Д) елбасы
- Ж) ханшайым

24. Қаз дауысты Қазыбек қай жүздің аты шыққан биі

- А) ұлы жүз
- В) орта жүз
- Г) кіші жүз
- Д) жүздіктер
- Ж) түмен

25. «Маккома» сөзі қай халықта сақталған

- А) қырғыз
- В) қазақ
- Г) өзбек
- Д) түркімен
- Ж) татар

3 - нұсқа

1. Қазақ әдеби тіліндегі көркем әдебиет стилі қай жанрдың сөз үлгісі арқылы дамыды

- А) проза жанры
- В) драма жанры
- Г) поэзия
- Д) ауыз әдебиеті
- Ж) фольклор

2. «Қорқыт ата» кітабының толық латын әрпімен транскрипция жасаған адам

- А) И. Лоди
- В) Е. Бертельс
- Г) Э.Мухарем
- Д) В. Радлов
- Ж) Л.Будагов

3. Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дастанында «мена» сөзінің тәржімасы

- А) Мені
- В) Маған
- Г) Менікі
- Д) Менімен
- Ж) Менен

4. Хорезмидің «Махаббатнама» дастанындағы «Жамал» сөзінің мағынасы

- А) Салмақты
- В) Сұлу, әдемі
- Г) Инабатты
- Д) Білімді
- Ж) Көрікті

5. Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» кітабында «неге» қалай берілген

- А) нега
- В) нига
- Г) нелүк
- Д) нимага
- Ж) неген

6. Сейіф Сарандың «Гүлстанындағы» бақтың жыршысы қай күс

- А) Қараторғай
- В) Бұлбұл
- Г) Алтын күс
- Д) Қарлығаш
- Ж) Тоты

7. Сүлеймен Бақырғани еңбегінде «үл» сөзінің дұрыс берілуі

- А) Огүл
- В) Үгүл
- Г) Үгул
- Д) Оғылы
- Ж) Ұлы

8. Ахмет Яссауидің «Хикметінде» «жандың кеч» сөз тіркесінің тәржімәсі

- А) Жаннан кеш
- В) Жаннан безу
- Г) Жанын кеш
- Д) Жанына кес
- Ж) Жанын беру

9. Қоғалы көлдер, көм сулар,

Қоныстар қонған өкінбес.

Арыстандай екі бұтын алшайтып,

Арғымақ мінген өкінбес...

Доспамбеттің бұл өлеңі қай жанрға жатады?

- А) Дидактикалық толғау
- В) Портрет өлең
- Г) Арнау толғау
- Д) Жарлай арнау
- Ж) Жырлау

10. «Кодексе Куманикусе» кітабындағы «уғат» сөзінің тәржімәсі

- А) ұғады
- В) ұғатын
- Г) ұят

- Д) ұялат
- Ж) ұяттан безу

11. «Әдеби тіл дегеніміз жалпыхалықтық тілдің хатқа түскен, белгілі бір дәрежеде өңделген ерекше түрі» деген кімнің пікірі

- А) Левин
- В) Сыздыкова
- Г) Будагов
- Д) Горшков
- Ж) Головин

12. «Құдатту білік-қазақ жазба әдебиетінің тарихынан үлкен орын алатын, ұлттық мұрамыз екені күмән-күдіксіз» кімнің сөзі

- А) Әуезов
- В) Егеубаев
- Г) Дербісәлиев
- Д) Келімбетов
- Ж) Бердібаев

13. Шортанбайдың «Құдай деген мұһминнің, ауыздан кетпес тобасы» өлең жолдарындағы «мұһмин» сөзінің тәржімасы

- А) молда
- В) мұсылман
- Г) диуана
- Д) күл
- Ж) мүсілім

14. Күлтегін жырында қай мақал кездеседі

- А) Өлімнен ұят күшті
- В) Ел намысын ер ақтар
- Г) Өнерлі өрге жүзер
- Д) Ерді намыс өлтіреді
- Ж) Ер туған жеріне

15. Қай ғасырда қазақ тілінде ресми іс-қағаздар стилі дамыды

- А) 19 ғ. I жартысы
- В) 20 ғ.
- Г) 18 ғ. II жартысы

- Д) 19 ғ .II жартысы
- Ж) 17 ғ.

16. Әйтеке кай жүздің биі

- А) Ұлы
- В) Орта
- Г) Кіші
- Д) Қоңырат
- Ж) Найман

17. «Саған» сөзінің шағатайша айтылуы

- А) Саған
- В) Сенге
- Г) Сенін
- Д) Сенүн
- Ж) Сенен

18. Шөженің «Еңсесін үздік жасылдай» деген өлең жолындағы «жасылдай» сөзінің мағынасы

- А) Балтадай
- В) Найзагадай
- Г) Асылдай
- Д) Қанжардай
- Ж) Кездіктей

19. Кодеке Куманикустағы «бошақ» сөзінің тәржімасы

- А) Болсак
- В) Бұйрық
- Г) Бірлік
- Д) Бостандық
- Ж) Бодан

20. Күлтегіндегі «сүчиг саб» сөзінің тәржімасы

- А) Асыл сап
- В) Тәтті сөз
- Г) Асыл сөз
- Д) Тілі өткір
- Ж) Тас жаралы

6. С. Бакыргани кітабында «көз» сөзінің тәржімасы

- А) Көзүм
- В) Көзім
- Г) Көзің
- Д) Күзем
- Ж) Қыстау

7. Сейф Сараидың «Гүлетан» дастанында «және» жалғаулығының қолданылуы

- А) Я
- В) Яна
- Г) А
- Д) Әм
- Ж) һәм

8. Яссауидің «Хикметінде» «күнә» сөзінің берілуі

- А) Күнәһ
- В) Күнә
- Г) Гүна
- Д) Гуноһ
- Ж) Күна

9. «Хикметте» қай септік өзгермеген

- А) Табыс
- В) Жатыс
- Г) Шығыс
- Д) Көмектес
- Ж) Атау

10. «Хикметтегі» «айғақ» сөзінің мағынасы

- А) Ойық
- В) Ойға
- Г) Ояу
- Д) Ойлы
- Ж) Анық

11. А. Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» шығармасындағы «қунарсыз» сөзінің тәржімасы

- А) Қунарсыз
- В) Құмарсыз
- Г) Өнерлі
- Д) Өнерсіз
- Ж) Құлықсыз

12. Дастандағы «боз» сөзінің беретін мағынасы

- А) Киім
- В) Шүберек
- Г) Жібек
- Д) Ескі киім
- Ж) Шағи

13. «Ақиқат сыйында» «бұл» есімдігінің жазылуы

- А) Буу
- В) Бул
- Г) Бу
- Д) Боол
- Ж) Бү

14. Қай нұсқа «Махаббатнамада» берілген

- А) Дүр ішінде гауһардай
- В) Хор ішінде гауһардай
- Г) Бақ ішінде гауһардай
- Д) Жібектей есіліп
- Ж) Хор қызындай

15. «Сүйікті» сөзінің «Құтты білікте» берілуі

- А) Севюр
- В) Севаман
- Г) Севүг
- Д) Севутти
- Ж) Жаным

16. Құтты білікте «сөзге» сөзінің дұрыс берілуі

- А) Сөзкә
- В) Сөзке

21. «Хосрау уа Ширино» еңбегіндегі «бойын үзді» деген қандай мағынаны береді

- А) Мойнын үзді
- В) Өлтірді
- Г) Қылғындырды
- Д) Қыршынан қиылды
- Ж) Тілсіз кетті

22. «Күлікке тастай болып тимесе, үстіме көбе сайлап кимен-ді». Шалкиіздің бұл өлеңінде «көбе» деген сөздің мағынасы

- А) Киім
- В) Сауыт-сайман
- Г) Киіз үй жабдығы
- Д) Қалқан
- Ж) Дулыға

23. Қорқыт ата кітабында «кімін» есімдігін жазылуы

- А) Кімүн
- В) Кимүн
- Г) Кимін
- Д) Кімин
- Ж) Кімнің

24. Қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің қалыптасу тұсы

- А) 18 ғ. II ж
- В) 19 ғ. I ж
- Г) 19 ғ. II ж
- Д) 20 ғ.
- Ж) 17 ғ.

25. Қорқыт ата кітабын итальян тіліне аударған кім

- А) Бертельс
- В) Томсон
- Г) Лоди
- Д) Росси
- Ж) Будагов

4 нұсқа

1. «Жазба әдеби тілдің ең маңызды және қайткенде де болуға тиісті белгісі». Кімнің пікірі еді
А) Виноградов
В) Будагов
Г) Левин
Д) Филли
Ж) Мещерский
2. Қорқыт ата кітабында «тұрыпты» етістігінің берілуі
А) Тұрыпты
В) Тұрыпты
Г) Тұрмыш еді
Д) Тұрм ді еді
Ж) Тұрым
3. Қорқыт ата кітабындағы Бұқашқа бектік тақ берген Байындардың ел арасындағы атағы
А) Сұлтандар сұлтаны
В) Хандар ханы
Г) Ғұлама ғалым
Д) Шебер сәулетші
Ж) Зергер
4. Күлтегін жырында «ілгері» сөзі қай мағынада айтылған
А) Түстік
В) Батыс
Г) Шығыс
Д) Оңтүстік
Ж) Құбыла
5. Сүлеймен Бақырғани еңбегіндегі «сахар» сөзінің мағынасы
А) Жыл
В) Кешкі мезгіл
Г) Түскі мезгілі
Д) Таңсәрі
Ж) Құдан иек

- Г) Сөздә
- Д) Сөзнә

17. Дастандағы «едәрсә» сөзінің тәржімасы

- А) Бедерсіз
- В) Ендігәрі
- Г) Ештеп
- Д) Іздесен
- Ж) Ақырын

18. Қ.Жалайырдың шежіресіндегі «қатығ» сөзінің тәржімасы

- А) Қатык
- В) Қатын
- Г) Қатты
- Д) Қытык
- Ж) Сүзбе

19. «Кодекс Куманикус» ескерткішінде «женіс» сөзінің жазылуы

- А) Йейміс
- В) Йенмек
- Г) Йенмес
- Д) Женис
- Ж) Женіс

20. «Мүфтиге берсең балаңды, Азан тәкбір айттырып...» Шортанбайдың осы өлеңіндегі «тәкбір» сөзінің тәржімасы

- А) Ерте
- В) Азан айту
- Г) Таңсәріде
- Д) Намаз
- Ж) Кәлима

21. «-Қыз», «-ғыз» жұрнақтарының дұрыс берілуі

- А) Өткеріп
- В) Жүргенін
- Г) Жамандап
- Д) Барғыз, келгіз
- Ж) Қыз келді, жазғыз

22. «Бұдырайған екі шекелі» деген Қазтуғанның өлеңі қай жанрда жазылған

- А) Дидактикалық толғау
- В) Портрет өлең
- Г) Арнау толғау
- Д) Афоризм
- Ж) Поэма

23. Бақырғани кітабында «жұмсақ» сөзінің дұрыс берілуі

- А) Юумшак
- В) Йуманшак
- Г) Юмшак
- Д) Йумашак
- Ж) Жумшак

24. Бақырғани кітабында «қиямет» сөзінің дұрыс жазылуы

- А) Қыйзамат
- В) Қиамат
- Г) Қыиамет
- Д) Қиямет
- Ж) Қайым

25. «Жақсының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді...». Кімнен қалған нақыл сөз

- А) Шалқияз
- В) Асанқайғы
- Г) Бұқар
- Д) Махамбет
- Ж) Жұбан

«Қазақ әдеби тілінің тарихынан» тестік тапсырмалар жауабы

1-нұсқа	2-нұсқа	3-нұсқа	4-нұсқа
1-В	1-А	1-С	1-Д
2-С	2-В	2-С	2-С
3-Е	3-В	3-В	3-В
4-Д	4-В	4-В	4-С
5-С	5-А	5-С	5-Д
6-С	6-С	6-В	6-А
7-В	7-В	7-С	7-С
8-А	8-С	8-В	8-Д
9-С	9-Д	9-С	9-В
10-Е	10-С	10-С	10-С
11-С	11-В	11-С	11-А
12-Д	12-С	12-В	12-В
13-Д	13-С	13-В	13-С
14-Д	14-В	14-А	14-А
15-В	15-В	15-Д	15-С
16-В	16-В	16-С	16-А
17-С	17-В	17-Д	17-Д
18-А	18-С	18-В	18-С
19-С	19-С	19-Д	19-С
20-Е	20-Д	20-В	20-В
21-А	21-С	21-В	21-А
22-С	22-А	22-В	22-В
23-В	23-С	23-В	23-Д
24-А	24-В	24-С	24-А
25-С	25-С	25-Д	25-С

Әдебиеттер

- 1 Аманжолов. С. А. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы: оқу құралы / С.А. Аманжолов. – Алматы : Санат, 1994. – 29 б.
- 2 Қазіргі қазақ тілі. Қазақ ССР Ғылым академиясының басыпасы. – Алматы, 1954. – Б. 430–431.
- 3 Баскаков. Н.А. Система спривжения или изменения слов по лицам : учебное пособие / Р.А. Баскаков. – М. , 1956. – С. 273–274.
- 4 Рамстед. Г.И. Введение в Алтайское языкознание / Г.И. Рамстед. – М. , 1957. – С. 115–117.
- 5 Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлы. 1-13 томдық шығармалар жинағы / М-Ж. Көпеев. – Павлодар : «ЭКО» ЖШС, 2003 – 2008
- 6 Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті : оқу құралы / М. Балақаев. – Алматы : Қазақстан басыпасы, 1971. – 58 б.
- 7 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі / А. Ысқақов. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 73 б.
- 8 Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі / Сыздықова Р. – Алматы : Қазақ ССР-і Ғылым басыпасы, 1968. – Б. 277–278.
- 9 Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихы / Ғ. Мұсабаев. – Алматы : Мектеп, 1988. – Б.122 –123.
- 10 Жұбанов. Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер / Қ. Жұбанов. – Алматы : Ғылым, 1999. – Б. 77, 434.
- 11 Исаев. С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты / С. Исаев. – Алматы : Рауан, 1998. – Б. 91, 128.
- 12 Қашқари. М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы : Ана тілі, 1993. – Б.140. // Махмуд Кашғарий. Девону луғотит турк. – Тошкент, 1960. – Т. 1. – Б. 327.
- 13 Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы / М.Томанов. – Алматы : Қазақ университеті, 1992. – Б. 111–113.
- 14 Әміров Р. С. Жай сөйлем синтаксисі / Р. Әміров. – Алматы : Мектеп, 1983. – 105 б.
- 15 Әбілқасымов. Б.Алғашқы қазақ газеттерінің тілі / Б. Әбілқасымов. – Алматы : Қазақ ССР-нің Ғылым басыпасы, 1971. – 122 б.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 Мәшһүр - Жүсіп шығармалары тілінің морфологиялық ерекшеліктері.....	5
1.1 Емен мен емей.....	12
1.2 Мыс пен - мыш.....	15
1.3 Ла мен - ган.....	17
1.4 Сана тұлғасының қызметі.....	19
1.5 Дүр тұлғасының қызметі.....	21
1.6 Бей мен -дүрдің қызметі.....	27
1.7 Тұрған мен -тұғын.....	32
1.8 Тұрым мен құрым.....	33
2 М-Ж. Көпеев шығармаларындағы би-шешендердің әдеби тілге ықпалы.....	40
2.1 Ескілік заңдылықтарына байланысты тілдік көріністер.....	40
2.2 М-Ж. Көпеев шығармаларындағы шешендік дәстүрдің тілдік көріністері.....	44
2.3 «Қазақ әдеби тілінің тарихы» Қосымша сұрақтар.....	49
2.4 «Қазақ әдеби тілінің тарихынан» тестік тапсырмалар.....	52
«Қазақ әдеби тілінің тарихынан» тестік тапсырмалар жауабы.....	72
Әдебиеттер.....	73

А.Қ. Тұрышев

**МӘШҮР – ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫ ТІЛІНІҢ
ӘДЕБИ ТІЛГЕ ҚАТЫСЫ**

Оқу құралы
1 Бөлім

Техникалық редактор Г.Н. Сейтахметова
Жауапты хатшы А.Т. Сулейменова

Басуға 01.06.2009 ж.

Әріп түрі Times.

Пішім 29,7 x 42 ¼. Офсеттік қағаз.

Шартты баспа табағы 3,27 Таралымы 300 дана

Тапсырыс № 1002

«КЕРЕКУ» Баспасы

С.Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64

